- Бейресми орталықтардан құрылғының операциялық жүйесін өзгерту немесе бағдарламалық құралды орнату құрылғыға зақым келтіруі және деректердің бүлінуіне немесе деректердің өшіп қалуына себеп болуы мүмкін. Мұндай әрекеттер LG лицензиялық келісімінің шарттарын бұзады және кепілдіктің күшін жояды.
- Кейбір мазмұндар мен суреттер аймаққа, қызмет көрсету провайдеріне, бағдарламалық құралдың нұсқасына немесе операциялық жүйенің нұсқасына байланысты құрылғыңыздан басқаша болуы мүмкін және олар алдын ала ескертілмей өзгертілуі мүмкін.
- Құрылғымен бірге қамтамасыз етілген бағдарлама, дыбыс, тұсқағаз, суреттер және басқа мультимедиа шектеулі пайдалану үшін лицензияланған. Осы материалдарды шығарып алып, коммерциялық немесе басқа мақсаттарға пайдалансаңыз, авторлық құқықтар туралы заңдарды бұзып жатқан болуыңыз мүмкін. Пайдаланушы ретінде мультимедианы заңсыз пайдалану үшін толығымен жауапты боласыз.
- Хабар алмасу, жүктеу және жүктеп алу, автоматты түрде синхрондау немесе орын қызметтерін пайдалану сияқты деректер қызметтеріне қосымша ақылар алынуы мүмкін. Қосымша шығынданбау үшін қажеттіліктерге қолайлы деректер жоспарын таңдаңыз. Қосымша мәліметтер алу үшін қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

Нұсқаулы ескертулер



ЕСКЕРТУ

Сізді және басқа пайдаланушыларды жарақаттауы немесе телефонды не басқа мүлікті зақымдауы мүмкін жағдайлар.



ЕСКЕРТПЕ

Ескертулер немесе қосымша ақпарат.

Мазмұны

Қауіпсіз және тиімді пайдалану туралы нұсқаулар	5
Сіз ұнататын мүмкіндіктер. 13	
QuickMemo+	14
Түсіру+ мүмкіндігін пайдалану	14
Сақталған ескертпені көру	14
Негізгілер..... 15	
Қосалқы құралдар.....	16
Құрылғыны орнату.....	17
Құрылғыны қосу және өшіру	19
SIM картасын және батареяны салу.....	19
Батареяны зарядтау	22
Батареяның қызмет мерзімін оңтайландыру.....	23
Жад картасын салу	24
Жад картасын шығарып алу	25
Сенсорлық экран кеңестері.....	25
Басыңыз немесе түрткіңіз	25
Түртіп тұру	26
Сүйреу.....	26
Сипау немесе сырғыту	26
Екі рет түрту.....	27
Масштабтау үшін шымшу.....	27
Google тіркелгісін орнату	28
Google есептік жазбасын жасау.....	28
Google тіркелгісіне кіру	28
Құрылғыны құлыптау және құлпын ашу.....	29
Экранды қосу.....	29
Knock Code	30
Экранды құлыптау әдісін өзгерту	31
Smart Lock.....	31
Өзіндік бет экраны.....	32
Негізгі экранмен танысу	32
Жақында пайдаланылған қосымшаларға оралу.....	34
Негізгі экранды реттеу	34
Хабарландырулар тақтасы	36
Скриншот түсіру.....	38
Экрандағы пернетақта.....	39
Пернетақта пайдалану және мәтін енгізу.....	39
Арнайы таңбалар енгізу	39
Дербес компьютер және құрылғы арасында деректер тасымалдау ...	40
USB қосылымы арқылы деректерді тасымалдау	40
LG Bridge.....	41
LG Bridge мүмкіндіктері	41
LG Bridge бағдарламалық құралын жүктеп алу.....	41
Қосымшалар..... 42	
Орнату немесе жою қосымшалары.....	43
Play Store қолданбасын ашу	43
Қосымша туралы мәліметтер бар экранды ашу.....	43

Қосымшаларды жою.....	43	Есептік жазба қалталарымен жұмыс істеу.....	56
Қоңыраулар.....	44	Электрондық пошта хабарын жасау және жіберу.....	56
Қоңырау шалу.....	44	Электрондық поштаның жалпы параметрлерін өзгерту.....	56
Контактілерге қоңырау шалу.....	44	Электрондық пошта тіркелгісін жою.....	57
Қоңырауға жауап беру және қоңырауды қабылдамау.....	44	Музыка.....	57
Екінші қоңырау шалу.....	45	Ән ойнату.....	57
Қоңыраулар тізімін көру.....	45	Әуен ойнатқышы опциялары.....	58
Қоңырау параметрлерін өзгерту.....	45	Сағат.....	59
Контактілер.....	46	Оятықш.....	59
Контактілерді іздеу.....	46	Таймер.....	59
Жаңа контакт қосу.....	46	Әлемдік сағат.....	60
Таңдаулы контактілер.....	46	Секундомер.....	60
Топ жасау.....	47	Есептегіш.....	60
Хабарлар.....	48	Күнтізбе.....	61
Хабар жіберу.....	48	Диктофон.....	61
Сөйлесулер көрінісі.....	48	Дыбыс немесе дауыс жазу.....	61
Хабар алмасу параметрлерін өзгерту.....	49	Жүктеулер.....	61
Камера.....	49	FM радио.....	62
Фотосуретке түсіру.....	49	LG Backup.....	62
Көрініс іздегіштегі камера опциялары.....	49	Құрылғы деректерін сақтық көшіру және қалпына келтіру туралы ақпарат.....	62
Фотосуретке түсірген кезде.....	51	Құрылғы деректерін сақтық көшіру.....	63
Бейне түсіру.....	51	Google қосымшалары.....	63
Бейнені түсіргеннен кейін.....	52	Баптаулар.....	66
Галерея.....	52	Параметрлер мәзіріне қол жеткізу.....	67
Суреттерді көру.....	53	Желілер параметрлері.....	67
Фотосуреттерді өзгерту.....	53	Қос SIM карта.....	67
Тұсқағаз орнату.....	53	Wi-Fi.....	68
Ұлғайту және кішірейту.....	54		
Бейнені ойнату.....	54		
Суреттерді/бейнелерді жою.....	55		
Әл. пошта.....	55		
Тіркелгі қосу.....	55		

Wi-Fi Direct	69	ЖҚС	89
Bluetooth	69	Ұрлыққа қарсы нұсқаулығы	93
Ұялы деректер	71	Қосымша ақпарат	94
Қоңырау баптаулары	71	Ескертудің ашық бастапқы коды бар	
Басып шығару	73	бағдарламалық құрал туралы	
USB-модем	73	ақпарат	94
Wi-Fi ену нүктесі	73	Сауда белгілері	95
Bluetooth байланыстырылды	74	СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ	95
Ұшақ режимі	74	Осы өнімнің үйлесімділігі туралы білу	
VPN	74	үшін кеңсеге хабарласыңыз:	95
Мобильді желілер	74		
Дыбыс & Ескерту параметрлері	75		
Қосымша параметрлер	76		
Дисплей параметрлері	76		
Өзіндік бет экраны	76		
Экранды құлыптау	77		
Негізгі сенсорлы түймешіктер	78		
Қосымша дисплей параметрлері	78		
Баптаулар параметрлер	79		
Тіл мен пернетақта	79		
Орналасу жері	79		
Есептік жазбалар & синхрондау	80		
Қол жетімділік	81		
Жылдам перне	82		
Қауіпсіздік	83		
Күн мен уақыт	84		
Сақтау орны	84		
Батарея және энергия сақтау	85		
Қосымшалар	85		
Әдепкі хабар алмасу қолданбасы	85		
Сақтық көшірме және қайта орнату	86		
Телефон ақпараты	86		
Қосымша	87		
Құрылғының бағдарламалық			
құралын жаңарту	88		

Қауіпсіз және тиімді пайдалану туралы нұсқаулар

Осы қарапайым нұсқауларды оқыңыз. Осы нұсқауларды орындамау қауіпті немесе заңсыз болуы мүмкін.

Қате шыққан кезде, құрылғы құрамындағы бағдарламалық құрал қателер журналын жинайды. Бұл құрал сигнал күші, кенеттен үзіліп кеткен кездегі ұялы идентификатор орны және жүктелген қосымшалар сияқты қатеге қатысты деректерді ғана жинайды. Журнал қатенің себебін анықтауға көмектесу үшін ғана пайдаланылады. Бұл журналдар шифрланған және құрылғыңызды жөндеуге алып барғаныңызда ғана оларды өкілетті LG қызмет көрсету орталығы аша алады.

Радио жиілігі қуатының әсері

Радиотолқын әсері және меншікті сіңіру коэффициенті (МСК) туралы ақпарат.

Бұл LG-K130E қалта телефон үлгісі радиотолқын әсеріне қатысты қауіпсіздік талаптарына сәйкес жасалған. Бұл талаптар жасы мен денсаулық жағдайына қарамастан, барлық пайдаланушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қауіпсіздік шегін қамтитын ғылыми нұсқауларға негізделген.

- Радиотолқын әсері нұсқаулары үшін меншікті сіңіру коэффициенті (МСК) деп аталатын шама бірлігі қолданылады. МСК сынақтары стандартты әдістер бойынша барлық пайдаланыстағы жиілік жолақтарындағы ең жоғарғы рұқсат етілген қуат деңгейінде телефоннан сигнал жіберу арқылы жүргізіледі.
- Өртүрлі LG телефон үлгілерінің МСК деңгейлері арасында айырмашылықтар болса да, олардың барлығы радиотолқындар әсері бойынша керекті нұсқауларға сәйкес келетін етіп жобаланған.

- Иондамайтын сәулеленуден қорғаудың халықаралық комиссиясы (ИСКХК) ұсынған SAR шектеуінің орташа мәні – 10 г-нан астам ұлпада 2 Вт/кг.
- Осы телефон үлгісінің сыналған ең жоғары МСК мәні құлақтың жанында — 0,633 Вт/кг (10 г), ал денеде тасып жүргенде — 1,260 Вт/кг (10 г).
- Бұл құрылғы қалыпты күйде құлақтың жанында пайдаланғанда немесе киімнен кем дегенде 5 мм қашықтықта орналасқанда ЖҚ әсері бойынша керекті нұсқауларға сәйкес келеді. Қапты белдік немесе ұстағыш ретінде денеде ілгенде, оның құрамында металл болмау керек және өнімді киімнен кемінде 5 мм қашықтықта ұстау керек. Деректер файлдарын немесе хабарларды тасымалдау үшін, бұл құрылғы сапалы желі байланысын қажет етеді. Кейбір жағдайларда, деректер файлдарын немесе хабарларды тасымалдау осындай байланыс қол жетімді болмайынша кешігуі мүмкін. Тасымалдау аяқталмайынша, жоғарыда айтылған ара қашықтық туралы нұсқаулықтары орындалатынын тексеріңіз.

Өнімге күтім және техникалық қызмет көрсету

- Өрдайым осы телефон үлгісі үшін түпнұсқалы LG батареяларын, зарядтағышын және қосымша құралдарын пайдаланыңыз. Басқа түрлерін пайдалану телефон мақұлдауын немесе кепілдігін жарамсыз етуі және қауіпті болуы мүмкін.
- Кейбір мазмұндар мен суреттер құрылғыдан алдын ала ескертусіз басқаша болуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны бөлшектеуге болмайды. Жөндеу жұмысы қажет болғанда, құрылғыны білікті техникалық маманға апарыңыз.
- Кепілдікке жататын жөндеулерге LG компаниясының ұйғаруымен бөлшектерді немесе панельдерді жаңасымен не жөнделгенімен ауыстыру жұмыстары кіруі мүмкін.

Бөлшектердің функциясы ауыстырылатын бөлшекпен бірдей болу керек.

- Теледидар, радио және компьютер сияқты электр жабдықтарынан алшақ жерде ұстаңыз.
- Құрылғыны жылу батареясы немесе пеш сияқты жылу көздерінен аулақ жерде сақтау керек.
- Түсіріп алмаңыз.
- Бұл құралды шайқамаңыз және соғып алмаңыз.
- Ерекше ережелермен талап етілген жерлерде телефонды сөндіріңіз. Мысалы, телефонды емханаларда пайдаланбаңыз, өйткені ол медициналық жабдықтарға әсер етуі мүмкін.
- Зарядталып жатқанда, телефонды ылғалды қолмен ұстауға болмайды. Бұл ток соғуына себеп болып, телефонды қатты зақымдауы мүмкін.
- Телефонды тез өртенетін заттар жанында зарядтамаңыз, өйткені гарнитура қызып, өрт шығу қаупін төндіруі мүмкін.
- Құрылғының сыртын құрғақ шүберекпен сүртіңіз (бензол, еріткіш немесе спирт қолданбаңыз).
- Телефонды жұмсақ жиһаздардың үстінде зарядтамаңыз.
- Телефонды жақсы желдетілетін жерде зарядтау керек.
- Бұл құрылғыны шамадан тыс түтінге немесе шаңға шығармаңыз.
- Телефонды кредит картасы немесе көлік билеттері жанында ұстамаңыз, ол магнитті жолақтағы ақпаратқа әсер етуі мүмкін.
- Экранға үшкір немесе өткір зат тигізбеңіз, өйткені бұл телефонды зақымдауы мүмкін.
- Телефонға сұйықтық төгіп алмаңыз және оны ылғалды жерге қоймаңыз.
- Құлаққап сияқты қосалқы құралдарды абайлап пайдаланыңыз. Қажет болмаса, антеннаға тимеңіз.

- Сынған, шытынаған немесе жарығы бар әйнекті пайдаланбаңыз, ұстамаңыз және алуға немесе жөндеуге әрекет жасамаңыз. Тиісті түрде қолданбағаннан болған әйнектегі зақымдар кепілдікпен жөнделмейді.
- Телефон – қалыпты жағдайда ыстық бөлетін электрондық құрылғы болып табылады. Ұзақ уақыт бойы, жеткілікті желдеткіштің жоқтығынан терімен тікелей байланыста болу ыңғайсыздықты немесе болмашы күйікті тудыруы мүмкін. Сондықтан, телефонды пайдалану барысында немесе әрекеттен кейін сақтық шараларын қатаң сақтаңыз.
- Телефонныңыз ылғалданып қалса, дереу ажыратып, толығымен құрғатыңыз. Кептіру процесін тездету үшін пеш, микротолқынды пеш немесе шаш кептіргіш сияқты сыртқы жылыту көзін пайдаланбаңыз.
- Ылғал телефон ішіндегі сұйықтық телефон ішіндегі өнім белгісінің түсін өзгертеді. Сұйықтық әсерінен болған құрылғының зақымдануы кепілдікке кірмейді.

Телефонды тиімді түрде пайдалану

Электрондық құрылғылар

Барлық ұялы телефондардың жұмысына әсер ететін кедергілер болуы мүмкін.

- Телефонды рұқсатсыз медициналық жабдықтардың жанында пайдаланбаңыз. Телефонды кардиостимулятордың жанына, мысалы, төс қалтада орналастырмаңыз.
- Ұялы телефондар кейбір есту құралдарына кедергі жасайды.
- Өлсіз кедергілер теледидарларға, радио құралдарына, компьютерлерге, т.б. әсер етуі мүмкін.
- Мүмкін болса, телефонды 0 °C және 40 °C аралығындағы температурада пайдаланыңыз. Телефонға аса төмен немесе жоғары температуралардың әсер етуі нәтижесінде зақым келуі, жұмыс бұзылуы немесе тіпті жарылыс орын алуы мүмкін.

Жолдағы қауіпсіздік

Көлік жүргізгенде ұялы телефонды пайдалану туралы аймағыңыздағы заң және нұсқауларды тексеріңіз.

- Көлік жүргізгенде, қолда ұсталатын телефонды пайдаланбаңыз.
- Көлік жүргізуге айрықша көңіл бөліңіз.
- Көлік жүргізу ережелері бойынша талап етілсе, қоңырау шалмас немесе қабылдамас бұрын, көлікті жол шетіне тоқтатыңыз.
- Радиожиілік қуаты автомагнитола және қауіпсіздік жабдықтары секілді көліктегі кейбір электрондық жүйелерге әсер етуі мүмкін.
- Көлік ауа қабымен жабдықталған болса, орнатылған немесе тасымалды сымсыз жабдықтармен бөгет жасамаңыз. Қате жұмыс жасағандықтан, ауа қабының ашылуына кедергі жасауы немесе ауыр жарақатқа апаруы мүмкін.
- Сыртта жүріп музыка тыңдағанда, оның дыбысы айналаңызда не болып жатқанын байқайтындай деңгейде болу керек. Бұл жолдардың жанында болғанда әсіресе маңызды.

Құлаққа зақым келтірмеуге тырысу



Ықтимал есту қабілетіне зиянды болдырмау үшін ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде тыңдамаңыз.

Ұзақ уақыт бойы музыканы жоғары дыбыс деңгейінде тыңдау есту қабілетіне зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан гарнитураны құлақ жанында қоспауға немесе өшірмеуге кеңес беріледі. Сондай-ақ музыка мен қоңырау дыбыс деңгейлері қалыпты деңгейде болуы тиіс.

- Құлақаспапты пайдаланғанда, жаныңыздағы адамдардың сөзі естілмесе немесе қасыңыздағы адам тыңдап жатқаныңызды естісе, дыбыс деңгейін азайтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Құлақаспаптардан және гарнитуралардан шығатын дыбыс қысымы өте жоғары болса, есту қабілетінен айырылуыңыз мүмкін.

Әйнек бөліктері

Ұялы телефонның кейбір бөліктері әйнектен жасалған. Телефон жерге түсіп, соғылғанда осы әйнек бөліктер сынып кетуі мүмкін. Әйнек сынса, тиіспеңіз немесе алып тастамаңыз. Әйнек қызмет көрсетуші тарапынан алмастырылмай тұрып ұялы телефонды пайдаланбаңыз.

Жарылыс аймағы

Жарылыс жасалып жатқан аймақтарда телефонды пайдаланбаңыз. Шектеулерді тексеріп, шарттар мен ережелерді орындаңыз.

Жарылу қаупі бар орталар

- Телефонды жанармай құю орындарында пайдаланбаңыз.
- Телефонды жанармай немесе химиялық заттардың жанында пайдаланбаңыз.
- Тез жанатын газ, сұйықтық немесе жарылғыш заттарды ұялы телефон мен керек-жарақтарымен бірге тасымалдамаңыз және сақтамаңыз.

Ұшақтарда

Сымсыз құрылғылар ұшақтарда кедергі келтіруі мүмкін.

- Ұшаққа мінер алдында, қалта телефонын сөндіріңіз.
- Ұшпаған кезде де, рұқсатсыз пайдаланбаңыз.

Балалар

Телефонды кішкентай балалардың қолы жетпейтін қауіпсіз жерде сақтаңыз. Оның құрамында ажыратылған жағдайда тұншығу қаупін төндіретін кішкентай бөлшектер бар.

Төтенше жағдай қоңыраулары

Төтенше жағдай қоңыраулары ұялы желілердің ешқайсысынан шалынбай қоюы мүмкін. Сондықтан төтенше қоңыраулар шалу үшін тек осы телефонға сенім артуға болмайды. Жергілікті қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

Батарея ақпараты және күтімі

- Зарядтау алдында батареяның зарядын толық бітіру шарт емес. Басқа батарея жүйелерінен өзгеше, батареяның жұмысына қауіп төндіретін жад әсері жоқ.
- Тек LG батареялары мен зарядтағыштарын пайдаланыңыз. LG зарядтағыштары батареяның жарамдылық мерзімін арттырады.
- Батарея жинағын бөлшектеуге немесе қысқа тұйықтауға болмайды.
- Жұмысы нашарлағанда, батареяны ауыстырыңыз. Алмастырудан бұрын батареяны жүздеген рет зарядтауға болады.
- Жарамдылық мерзімін арттыру үшін, ұзақ уақыт қолданылмаған батареяны зарядтаңыз.
- Батарея зарядтағышын күн сәулелері астында немесе жуыну бөлмесі сияқты ылғалдылығы жоғары жерлерде қалдырмаңыз.
- Батареяны ыстық немесе суық жерде қалдырмаңыз: жұмысына кері әсер беруі мүмкін.
- Батарея дұрыс түрімен алмастырылмаса, жарылыс қаупін тудырады. Қолданылған батареяларды нұсқаулар бойынша жойыңыз.
- Батареяны ауыстыру қажет болса, LG Electronics компаниясының ең жақын қызмет көрсету орталығына немесе дилеріне апарып, көмек алуға болады.
- Телефон толығымен зарядталғаннан кейін, керексіз қуат тұтынуын болдырмау үшін, зарядтағышты розеткадан ажыратыңыз.

- Батареяның қызмет ету мерзімі желі конфигурациясына, өнім параметрлеріне, пайдалану тәсілдеріне, батареяға және қоршаған ортаға байланысты болады.
- Жануар тістері немесе тырнақтары сияқты өткір қырлы заттардың батареяға тимейтінін тексеріңіз. Бұл өрт тудыруы мүмкін.






**Сіз ұнататын
мүмкіндіктер**









QuickMemo+

QuickMemo+ мүмкіндігі ескертпе жасауға мүмкіндік береді.




Түсіру+ мүмкіндігін пайдалану

Қоңырау кезінде сақталған суретке немесе ағымдағы экранында ескертпелерді ыңғайлы әрі тиімді жасау үшін QuickMemo+ мүмкіндігін пайдалана аласыз.

- 1 Күй жолағын түртіп, төмен сырғытыңыз да,  опциясын түртіңіз.  тармағын көрмесеңіз, қосу үшін  опциясын түртіп, > **Түсіру+** құсбелгісін қойыңыз.
- 2 Келесі опцияларымен жазба жасаңыз:

	Ең соңғы әрекетті болдырмау үшін түртіңіз.
	Ең соңғы жойылған әрекетті қайтару үшін түртіңіз.
	Жазбаға мәтін енгізу үшін түртіңіз.
	Қалам түрі мен түсін таңдау үшін түртіңіз.
	Жазбадағы қалам белгілерін өшіруге өшіргішті пайдалану үшін түртіңіз.
	Ескертпе суретін қиып алу үшін түртіңіз.
	Жіберу немесе стиль көлемін таңдау үшін түртіңіз.
	Құралдар тақтасын жасыру немесе көрсету үшін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- QuickMemo+ мүмкіндігін қолданғанда саусақ ұшын қолданыңыз. Тырнақты қолданбаңыз.
- 3 Ағымдағы ескертпені  немесе  ішіне сақтау үшін  опциясын түртіп, **OK** түймесін басыңыз.

Сақталған ескертпені көру

 >  >  опциясын түртіңіз және **Capture+** альбомын таңдаңыз.

Сіз ұнататын мүмкіндіктер

A decorative graphic consisting of several groups of horizontal white lines of varying lengths, arranged in a descending staircase pattern from the top left towards the bottom right. The background is a solid, vibrant red color.

Негізгілер

Қосалқы құралдар


Құрылғымен бірге пайдалану үшін төмендегі қосалқы құралдарды қолдануға болады.

- Саяхат адаптері
- Жылдам іске кірісу нұсқаулығы
- Стерео гарнитура
- USB кабелі
- Батарея

ЕСКЕРТПЕ

- Жоғарыда берілген элементтер қосымша болуы мүмкін.
- Әрдайым тек түпнұсқа LG қосалқы құралдарын пайдаланыңыз. Жинақтағы заттар осы құрылғыға ғана арналған және басқа құрылғылармен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Құрылғымен қамтамасыз етілетін элементтер және қолжетімді қосалқы құралдар ауданға немесе қызмет провайдеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Құрылғыны орнату



<p>Қуат/ құлыптау пернесі</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Осы пернені басып тұру арқылы құрылғыны қосыңыз/өшіріңіз. · Экранды қосу немесе өшіру үшін тез басып қалыңыз.
<p>Дыбыс деңгейі пернелері</p>	<p>Экран өшіп тұрғанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> · Камера іске қосу үшін Дыбыс деңгейі пернелерінің бірін екі рет басыңыз. <p>Негізгі экранда:</p> <ul style="list-style-type: none"> · Қоңыраудың дыбыс деңгейін басқарыңыз. <p>Қоңырау барысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> · Аудио/бейне ойнату кезінде динамиктің дыбыс деңгейін басқарыңыз. · Дыбыс деңгейін үздіксіз басқарыңыз.



ЕСКЕРТУ

- Құрылғы үстіне ауыр зат қою немесе отыру оның дисплейі мен сенсорлы экран функцияларына зиян келтіруі мүмкін.

Құрылғыны қосу және өшіру

Құрылғыны қосу

Экран қосылғанша **Қуат/Құлыптау пернесін** екі секунд бойы басып тұрыңыз.

Құрылғыңызды өшіру

- 1 Құрылғы параметрлері мәзірі пайда болғанша **Қуат/Құлыптау пернесін** басып тұрыңыз.
- 2 Құрылғыны өшіргіңіз келетінін растау үшін **Өшіру**, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.

SIM картасын және батареяны салу

Құрылғының қызмет провайдері қамтамасыз еткен SIM картасын және жабдықтағы батареяны салыңыз.


ЕСКЕРТУ

- SIM картасы ұясына жад картасын салмаңыз. Егер жад картасы SIM картасы ұясына салынса, жад картасын алып тастау үшін LG қызмет көрсету орталығына құрылғыны апарыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- microSIM карталары ғана құрылғыда қолданылады.


- 1 Артқы қақпақты алу үшін телефонды бір қолыңызбен мықтап ұстаңыз. Төмендегі суретте көрсетілгендей екінші қолдың басбармақ тырнағымен артқы қақпақты көтеріп ашыңыз.




- 2 SIM картасын SIM картасының ұясына суретте көрсетілгендей сырғытыңыз. Картаның сары түсті түйіспесі төмен қарап тұру тиіс.



3 Батареяны салыңыз.



4 Қақпақты құрылғыға қайта салу үшін артқы қақпақты батарея бөлімімен туралап, орнына түскенше төмен басыңыз.




Батарейаны зарядтау

Бірінші рет пайдаланбай тұрып батареяны зарядтаңыз. Батарейаны зарядтау үшін зарядтағышты пайдаланыңыз. Сонымен қатар, құрылғыны USB кабелімен компьютерге қосу арқылы батареяны зарядтауға болады.

ЕСКЕРТУ

- LG мақұлдаған зарядтағыштарды, батареяларды және кабельдерді ғана пайдаланыңыз. Егер мақұлданбаған зарядтағыштарды, батареяларды немесе кабельдерді пайдалансаңыз, батареяның кідіріспен зарядталуына себеп болуы мүмкін. Болмаса, бұл батареяның жарылуына немесе кепілдікке кірмейтін құрылғының зақымдауына себеп болуы мүмкін.

Зарядтағыш қосқышы құрылғының төменгі жағында орналасқан. Зарядтағышты салыңыз да, қуат розеткасына қосыңыз.



Батарейаның қызмет мерзімін оңтайландыру

Фонда үнемі қосылып тұруға тиісті емес мүмкіндіктерді өшіріп, батареяның жұмыс мерзімін ұзартыңыз. Қосымшалар мен жүйелік ресурстардың батарея қуатын пайдалану тәсілін реттеуге болады.

Құрылғы батареясының қызмет ету мерзімін ұзарту:

- Пайдаланбаған кезде радио байланыстарын өшіріңіз. Егер Wi-Fi, Bluetooth® немесе GPS функциясын қолданбасаңыз, оларды өшіріңіз.
- Экранның жарықтығын азайтып, экранның сөнетін мерзімін қысқартыңыз.
- Gmail, Күнтізбе, Контактілер және басқа қосымшалардың автоматты түрде синхрондалу мүмкіндігін ажыратыңыз.
- Жүктеп алынған кейбір қосымшалар батареяның қуатын тұтынуы мүмкін.
- Жүктелген қосымшаларды пайдаланғанда, батареяның зарядталу деңгейін тексеріңіз.

Жад картасын салу

Құрылғы 32 ГБ-қа дейінгі microSD картасын қолдайды. Жад картасы өндірушісіне және түріне байланысты кейбір жад карталары құрылғымен үйлесімсіз болады.


ЕСКЕРТУ

- Кейбір жад карталары құрылғымен толығымен үйлесімді болмайды. Үйлесімсіз картаны пайдалану құрылғыға немесе жад картасына зақым келтіруі мүмкін не сақталған деректерді бұзуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Деректерді жиі жазу және жою жад карталарының қызмет мерзімін қысқартады.

- 1 Артқы қақпақты ашыңыз.
- 2 Жад картасын алтын түстес түйістерін төмен қаратып салыңыз.



- 3 Артқы қақпақты жабыңыз.

Жад картасын шығарып алу

Жад картасын шығарып алмастан бұрын, оны қауіпсіз алып тастау үшін босатыңыз.

○ > ☰ > ⚙ > **Баптаулар** қойындысы > **Сақтау орны** > **SD картасын шығару** тармағын таңдаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ**

- Құрылғымен ақпаратты тасымалдау немесе қатынасу кезінде жад картасын алмаңыз. Бұлай істеу деректердің жойылуына немесе бұзылуына және жад картасы немесе құрылғы зақымына себеп болады. Деректердің жоғалуымен қоса, зақымдалған жад карталарын дұрыс пайдаланбаудан болатын нәтиженің жоғалуына жауапты болмайды.

Сенсорлық экран кеңестері


Төменде құрылғы ішін шарлау туралы біраз кеңестер берілген.

📱 **ЕСКЕРТПЕ**

- Тым қатты баспаңыз, сенсорлы экран жай, бірақ нық түртуді сезетіндей сезімтал.
- Қажетті опцияны түрту үшін саусақтың ұшын пайдаланыңыз. Басқа түймелерді түртпеңіз.


Басыңыз немесе түртіңіз

Саусақпен бір рет түрту элементтерді, сілтемелерді, төте жолдарды және экрандық пернетақтадағы әріптерді таңдайды.




Түртіп тұру

Экрандағы элементті түртіп, әрекет орындалғанша саусағыңызды көтермей, түртіп тұрыңыз.




Сүйреу

Элементті бір сәтке түртіп тұрыңыз да саусақты көтерместен, саусақты мақсатты орынға жеткенше экранда жылжытыңыз. Орнын ауыстыру үшін негізгі экранда элементтерді сүйреуге болады.




Сипау немесе сырғыту

Сипау немесе сырғыту үшін бірінші тигенде кідірместен саусақты экранда тез жылжытыңыз (элементті сүйремейсіз).





Екі рет түрту

Веб-бетті немесе картаны масштабтау үшін екі рет түртіңіз.



Масштабтау үшін шымшу




Шолғышты, карталар бағдарламасын пайдаланып жатқанда немесе суреттерді шолу кезінде үлкейту немесе кішірейту үшін шымшу не ашу қозғалысымен екінші саусағыңыз бен бас бармағыңызды пайдаланыңыз.






Google тіркелгісін орнату

Құрылғыда Google қолданбасын бірінші рет ашқан кезде, бар Google есептік жазбасымен кіру қажет болады. Егер Google тіркелгіңіз жоқ болса, оны жасау сұралады.

Google есептік жазбасын жасау

- 1  >  >  > **Баптаулар** қойындысын > **Есептік жазбалар & синхрондау** опциясын түртіңіз.
- 2 **ЕСЕПТІК ЖАЗБА ҚОСУ** > **Google** > **Немесе жаңа есептік жазба жасау** опциясын түртіңіз.
- 3 Аты мен тегін енгізіп, **КЕЛЕСІ** опциясын түртіңіз.
- 4 Нұсқауларды орындап, есептік жазбаның міндетті және қосымша ақпаратын енгізіңіз. Сервер есептік жазбаңызды жасағанша күтіңіз.

Google тіркелгісіне кіру

- 1  >  >  > **Баптаулар** қойындысын > **Есептік жазбалар & синхрондау** опциясын түртіңіз.
- 2 **ЕСЕПТІК ЖАЗБА ҚОСУ** > **Google** опциясын түртіңіз.
- 3 Электрондық пошта мекенжайын енгізіп, **КЕЛЕСІ** түймесін түртіңіз.
- 4 Кілтсөзді енгізіп, **КЕЛЕСІ** түймесін түртіңіз.
- 5 Жүйеге кіргеннен кейін, Gmail жүйесін пайдаланып, Google қызметтері артықшылықтарын пайдалануға болады.
- 6 Google есептік жазбасын реттегеннен кейін құрылғыңыз Интернеттегі Google есептік жазбасымен автоматты түрде синхрондалады (деректер байланысы қолжетімді болған жағдайда).

Кіргеннен кейін, құрылғы Gmail, Contacts, Google Calendar сияқты Google қызметтерімен үндестіріледі. Сондай-ақ, құрылғыда Maps қосымшасын пайдалануға, Play Store

торабынан қосымшалар жүктеп алуға, параметрлерді Google серверлеріне сақтық көшірмелер жасауға және басқа Google қызметтерінің артықшылықтарын пайдалануға болады.

Құрылғыны құлыптау және құлпын ашу

Қуат/Құлып түймесін басу экранды өшіріп, құрылғыны құлыптау режиміне қояды. Құрылғы көрсетілген мерзімде пайдаланылмаса, ол автоматты түрде құлыпталады. Бұл пернелердің кездейсоқ басылып кетуінен сақтайды және батарея қуатын үнемдейді.

Құрылғыны босату үшін, Қуат/Құлып түймесін басып, экранды кез келген бағытта сипаңыз.

Экранды қосу

Экранды қосу функциясы экранды оңай қосу немесе өшіру үшін оны екі рет түртуге мүмкіндік береді.

Экранды қосу

- 1 Экранды қосу үшін Экранды құлыптау мәзірінің ортасын екі рет түртіңіз.
- 2 Экранды босатыңыз немесе қолжетімді төте жолдарға не виджеттерге қатынасыңыз.

Экранды өшіру

- 1 Күй жолағын немесе негізгі экрандағы бос аймақты екі рет түртіңіз.
- 2 Экран өшеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Экранның орталық аймағын түртіңіз. Төменгі немесе үстіңгі аймақ түртілсе, анықтау жылдамдығы төмендеуі мүмкін.




Knock Code

Шифрлау коды мүмкіндігі экранда түртулер комбинациясын пайдаланып өзіңіздің құлып ашу кодыңызды жасауға мүмкіндік береді. Экран өшкен кезде экрандағы бірдей ретті түрту арқылы негізгі экранға тікелей кіруге болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қате Knock Code кодын 6 рет енгізсеңіз, ол Google есептік жазбасына кіру/сақтық PIN коды бетін күштеп ашады.
- Экранды қосуға немесе өшіруге түрту үшін тырнақ орнына саусақ ұшын пайдаланыңыз.

Knock Code мүмкіндігін орнату




- 1  >  >  > **Дисплей** қойындысы > **Экранды құлыптау** > **Экран құлпын таңдау** > **Knock Code** тармағын түртіңіз.
- 2 Knock Code үлгісін орнату үшін шаршыларды графикалық үлгі түрінде түртіңіз. Knock Code үлгісі 3-8 рет түрту үлгісінен тұруы мүмкін.

Knock Code кодын пайдаланып экранды босату

Экран өшіп тұрғанда орнатылған Knock Code графикалық үлгісін түрту арқылы экран құлпын ашуға болады.

Экранды құлыптау әдісін өзгерту

Басқалардың жеке ақпаратты ашпауы үшін экранды құлыптау жолын өзгертуге болады.

- 1  >  >  > **Дисплей** қойындысы > **Экранды құлыптау** > **Экран құлпын таңдау** тармағын таңдаңыз.
- 2 Жоқ, Жүргізу, Knock Code, Графикалық үлгі, PIN немесе Кілтсөз сөз опциялары ішінен қажетті экран құлпын таңдаңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Құлыпты ашу өрнегін орнатар алдында Google тіркелгісін жасап, құлыптау өрнегін жасау кезінде жасалған Сақтық PIN кодын есте сақтап алыңыз.


Smart Lock

Құрылғыны оңай босату үшін Smart Lock опциясын пайдалануға болады. Сенімді Bluetooth құрылғысы қосылған кезде, үй немесе жұмыс сияқты таныс орында болған кезде немесе бетті анықтаған кезде құрылғыны құлыпталмаған күйде сақтау үшін орнатуға болады.


Smart Lock орнату мүмкіндігі

- 1  >  >  > **Дисплей** қойындысы > **Экранды құлыптау** > **Smart Lock** тармағын таңдаңыз.
- 2 Сенімді құрылғыларды, сенімді орындарды немесе сенімді бетті қосу алдында экран құлпын орнату керек (Knock Code, Графикалық үлгі, PIN немесе Кілтсөз).

Өзіндік бет экраны

Негізгі экран — көптеген қосымшалар мен функциялардың бастапқы нүктесі. Ол ақпарат пен қосымшаларға жылдам қатынасты қамтамасыз ету үшін қосымша белгішелері, төте жолдар, қалталар немесе виджеттер сияқты элементтерді қосуға мүмкіндік береді. Бұл — әдепкі кенеп және кез келген мәзірден  түймесін түртіп өтуге болады.

Негізгі экранмен танысу



1 Күй жолағы

2 Виджет

3 Қосымша белгішелері

4 Орналасу жері индикаторы





5 Жылдам түймелер аймағы

6 Негізгі экранның сенсорлы түймелері

- 1 **Күй жолағы:** құрылғы күйі туралы ақпаратты, оның ішінде уақытты, сигнал күшін, батарея күйін және хабарландыру белгішелерін көрсетеді.
- 2 **Виджет:** Қосымшалар тартпасы немесе басты экран арқылы қол жеткізуге болатын автономдық қосымшалар. Төте жолдан ерекшелігі — виджет экрандық қосымша ретінде жұмыс істей алады.
- 3 **Қосымша белгішелері:** оны ашып, пайдалану үшін, белгішені (қосымша, қалта, т.б.) түртіңіз.
- 4 **Орналасу жері индикаторы:** ағымда көріп отырған бастапқы экран кенебін көрсетеді.

5 Жылдам түймелер аймағы: кез келген бастапқы экран кенебіндегі функцияға бір рет басқанда өткізеді.

6 Негізгі экранның сенсорлы түймелері

 Артқа түймесі	Алдыңғы экранға оралады. Сонымен қатар, мәзірлер, диалогтық терезелер және экрандағы пернетақта сияқты қалқымалы элементтерді жабады.
 Ұй түймесі	Кез келген экраннан негізгі экранға қайтарады.
 Шолу түймесі	Соңғы пайдаланылған қосымшаларды көрсетеді. Осы пернені түртіп, ұстап тұрсаңыз, ол қолжетімді опциялар мәзірін ашады.
 SIM картасын ауыстыру түймесі	Пайдаланылатын SIM картасын таңдаңыз. «Қос SIM картасының параметрлері» мәзіріне өту үшін, түртіп, ұстап тұрыңыз.

Басқа Негізгі экран панельдерін көру

Операциялық жүйе белгішелер, виджеттер және басқасын қосуға көп орын қалдыру үшін бірнеше негізгі экран кенебімен қамтамасыз етеді.

- Қосымша кенептерге кіру үшін негізгі экранда саусағыңызды солға не оңға сырғытыңыз.

Жақында пайдаланылған қосымшаларға оралу

Көп тапсырмаларды орындау Android жүйесінде оңай, себебі бір уақытта бірнеше қосымшалармен жұмыс істеуге болады. Басқа қосымшаны ашу үшін ашық тұрғанды жабудың қажеті жоқ. Бірнеше ашық қосымшаны пайдаланыңыз және арасында ауысыңыз.

Android әрбір қосымшаны басқарып, күтудегі қосымшалар қажетсіз ресурстарды пайдаланбауы үшін, оларды қажет болғанда тоқтатып әрі іске қосып отырады.

- 1 опциясын түртіңіз. Жиі пайдаланылатын бағдарламалардың тізімі көрсетіледі.
- 2 Ашқыңыз келген қосымшаны түртіңіз. Бұл фонда іске қосылған алдыңғы қосымшаны тоқтатпайды. Қолданғаннан кейін қосымшадан оралу үшін түрткеніңізді тексеріңіз.
 - Қосымшаны соңғы қосымшалар тізімінен жабу үшін қосымшаны алдын ала қарауды солға не оңға қарай сипаңыз. Барлық қосымшаны өшіру үшін **Барлығын тазарту** опциясын түртіңіз.

Негізгі экранды реттеу

Негізгі экранды қосымшалар, виджеттер қосу немесе тұсқағаздарды өзгерту арқылы реттеуге болады.

Негізгі экранға элементтер қосу

- 1 Негізгі экранның бос жерін түртіп, ұстап тұрыңыз.
- 2 Режим қосу мәзірінде қосқыңыз келетін элементті таңдаңыз. Одан кейін бұл қосылған элемент негізгі экраннан көрінеді.
- 3 Оны керек жерге алып барып, саусағыңызды алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қосымшалар экранынан негізгі экранға қосымшаның белгішесін қосу үшін қосылатын қосымшаны түртіп ұстап тұрыңыз.


Негізгі экраннан бір элементті жою

Негізгі экранда болған кезде жойылатын белгішені ұстап тұрып > оны  орнына апарыңыз.

Жылдам түймелер аймағына қосымша қосу

Қосымшалар экранынан немесе негізгі экранда қосымша белгішесін басып тұрып, оны жылдам түймелер аймағына алып барыңыз. Одан кейін оны қажетті орында босатыңыз.


Қосымшаны жылдам түймелер аймағынан жою

Қажетті жылдам түймені басып тұрып, оны  аймағына алып барыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қосымшалар түймесін  жою мүмкін емес.

Негізгі экранда қосымша белгішелерін реттеу



- 1 Қосымша белгішесі ағымдағы орнынан босағанша басып тұрыңыз, одан кейін босатыңыз. Өңдеу белгішесі  қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышында пайда болады.
- 2 Қосымша белгішесін қайтадан басып, қажетті белгішенің дизайны мен өлшемін таңдаңыз.
- 3 Өзгерісті сақтау үшін **OK** түймесін түртіңіз.

Хабарландырулар тақтасы

Ескертулер жаңа хабарлардың келуі, күнтізбе оқиғалары және дабылдар, сонымен бірге бейнелерді жүктеп алу сияқты ағымдағы оқиғалар туралы ескертеді.

Хабарландырулар тақтасын ашу

Хабарландырулар тақтасын ашу үшін күй жолағында төмен жанап өтіңіз. Ескертулер тақтасын жабу үшін экранның үстіңгі жағына жанап өтіңіз немесе ◀ таңдаңыз.



1 Жылдам параметрлер аймағы

2 Хабарландырулар

3 TAZALAU

- 1 Жылдам ауыстыру түймесін қосу/өшіру үшін басыңыз. Тікелей функцияның параметрлер мәзіріне өту үшін қажетті түймені басып тұрыңыз. Басқа ауыстыру түймелерін көру үшін солға не оңға қарай сипаңыз. Жылдам орнату түймелерін жою, қосу немесе қайта реттеу үшін ☰ опциясын түртіңіз.
- 2 Ағымдағы ескертулердің әрқайсысы қысқаша сипаттамамен тізімде берілген. Хабарландыруды көру үшін оны түртіңіз.
- 3 Барлық хабарландыруды өшіру үшін түртіңіз.

Хабарландыру келгенде, оның белгішесі экранның жоғарғы жағында пайда болады. Күтудегі ескертулердің белгішелері сол жағында пайда болады және Wi-Fi және батарея заряды

сияқты нәрселерді көрсететін жүйелік белгішелер оң жағына шығады.

Күй жолағындағы индикатор белгішелер

Экранның жоғарғы жағындағы күй жолағындағы индикатор белгішелер қабылданбаған қоңыраулар, жаңа хабарлар, күнтізбе оқиғалары, құрылғының күйі және т.б. туралы есеп береді.











Хабарландыру белгішелері

Күй белгішелері



Экранның жоғарғы жағында көрсетілген белгішелер құрылғының күйі туралы ақпарат береді. Төмендегі кестеде тізілген белгішелер ең жиі пайдаланылады.

Белгіше	Сипаттамасы	Белгіше	Сипаттамасы
	SIM картасы салынбаған		Өн қазір ойнатылып жатыр
	Желі сигналы жоқ		Кедергілер немесе дабылдар жоқ
	Ұшақ режимі қосылып тұр		Діріл режимі қосылған
	Wi-Fi желісіне қосылған		Батарея толық зарядталған
	Сымды гарнитура қосылған		Батарея зарядталып жатыр
	Байланыс жүріп жатыр		Құрылғы компьютерге USB кабелімен қосылады
	Қабылданбаған қоңырау		Деректер жүктеліп жатыр

	Bluetooth қосылып тұр		Деректер кері жүктеліп жатыр
	Жүйе ескертуі		GPS қосылып тұр
	Сигнал орнатылды		Деректер синхрондалып жатыр
	Жаңа дауыстық пошта бар		Енгізу әдісін таңдау
	Жаңа мәтіндік немесе мультимедиалық хабар		Wi-Fi ену нүктесі қосылып тұр

ЕСКЕРТПЕ

- Күй жолағындағы белгішенің орны функцияға немесе қызметке сай басқаша болуы мүмкін.
- Қолжетімді опциялар аймаққа немесе қызмет провайдеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Скриншот түсіру






Ағымдағы экранның скриншотын түсіру үшін **Төмен дыбыс деңгейі** және **Қуат/Құлып пернесін** бірдей 2 секунд түртіп тұрыңыз.

Түсірілген кескінді көру үшін  >  >  > **Screenshots** қалтасын түртіңіз.

Экрандағы пернетақта

Мәтінді экрандағы пернетақта арқылы енгізуге болады. Қолжетімді мәтін енгізу өрісін таңдау кезінде экранда пернетақта пайда болады.

Пернетақта пайдалану және мәтін енгізу

Белгіше	Сипаттамасы
	Енгізілетін келесі әріпті бас әріпке өзгерту үшін, бір рет түртіңіз. Барлық әріптерді үлкейту үшін екі рет түртіңіз.
	Пернетақта параметрлеріне өту үшін таңдаңыз. Мәтінді енгізу әдісін өзгерту үшін түртіп, ұстап тұрыңыз.
	Бос орын енгізу үшін түртіңіз.
	Жаңа жол жасау үшін түртіңіз.
	Алдыңғы таңбаны жою үшін түртіңіз.

Арнайы таңбалар енгізу

Экрандық пернетақта арнайы таңбаларды енгізуге мүмкіндік береді.

Мысалы, «á» әрпін енгізу үшін «a» түймесін қалқымалы терезе пайда болып, қатысты арнайы таңбаларды көрсеткенше түртіп тұрыңыз. Саусақты көтерместен қажет арнайы таңбаға сүйреңіз. Ол бөлектелгеннен кейін саусағыңызды көтеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Перненің жоғарғы оң жағындағы таңба қосымша таңбалардың сол пернеге қолжетімді екенін білдіреді.

Дербес компьютер және құрылғы арасында деректер тасымалдау

Дербес компьютер және құрылғы арасында деректерді көшірмелеуге немесе жылжытуға болады.

USB қосылымы арқылы деректерді тасымалдау

- 1 Құрылғыны компьютерге құрылғымен берілген USB кабелімен қосыңыз.
- 2 Ескертулер тақтасын ашып, ағымдағы байланыс түрін таңдап, **Медиа құрылғы (MTP)** опциясын таңдаңыз.
- 3 Компьютерде қажетті деректерді тасымалдауға мүмкіндік беретін терезе шығады.

ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғыны анықтау үшін компьютерде LG Android платформа драйвері орнатылуы керек.
- **Медиа құрылғы (MTP)** пайдалану талаптарын тексеріңіз.

Элементтер	Талап
Операциялық жүйе	Microsoft Windows XP SP3, Vista немесе одан жоғары
Window мультимедиа ойнатқышының нұсқасы	Windows Media Player 10 немесе одан жоғары

LG Bridge

LG Bridge — LG мобильді құрылғысында сақталған суреттерді, музыканы, бейнелерді, құжаттарды, т.б. компьютерде қолайлы түрде басқаруға көмектесетін қолданба. Сонымен қатар, контактілер және кескіндер сияқты файлдардың компьютерде сақтық көшірмесін жасауға немесе құрылғының бағдарламалық құралын жаңартуға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- LG Bridge қолданбасын пайдалану жолы бойынша толық нұсқауларды бағдарламаны орнатып, ашқаннан кейін «Анықтама» мәзірінен қарай аласыз.
- Қолданылатын функциялар құрылғыға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- LG бірыңғай USB драйвері — компьютерге LG құрылғысын қосуға қажетті бағдарлама. Ол LG Bridge орнатылғанда автоматты түрде орнатылады.

LG Bridge мүмкіндіктері

- Құрылғының ішіндегілерді Wi-Fi немесе мобильді деректер арқылы компьютеріңізден басқарыңыз.
- USB арқылы құрылғы деректерінің сақтық көшірмесін жасаңыз және қалпына келтіріңіз.
- Құрылғының бағдарламалық құралын компьютерде USB арқылы жаңартыңыз.

LG Bridge бағдарламалық құралын жүктеп алу

- 1 www.lg.com сайтына кіріңіз.
- 2 Іздеу түймесін түртіп, үлгіні іздеу үшін үлгі атын енгізіңіз.
- 3 Модель туралы ақпаратты таңдап, **ӨТУ** түймесін басыңыз.
- 4 LG Bridge қолданбасын жүктеп алу үшін төмен жылжып, **PC SYNC** қойындысын > **Windows** немесе **Mac OS** > **ЖҮКТЕП АЛУ** тармағын таңдаңыз.



Қосымшалар

Орнату немесе жою қосымшалары

Play Store тегін және ақылы қосымшаларды шолуға және іздеуге мүмкіндік береді.

Play Store қолданбасын ашу


○ > ☰ >  опциясын түртіңіз.

Қосымша туралы мәліметтер бар экранды ашу

Play Store қолданбасында шолып жатқанда мәліметтер экранын ашу үшін қолданбаны түртіңіз.

Қосымшаның мәліметтері экраны қосымша туралы сипаттаманы, бағаларды, түсініктемелер мен қатысты ақпаратты көрсетеді. Бұл экраннан қосымшаны жүктеуге, орнатуға, жоюға, бағалауға және басқа көптеген әрекеттерді орындауға болады.






Қосымшаларды жою

- 1 ○ > ☰ >  > **Баптаулар** қойындысы > **Қосымшалар** тармағын түртіңіз.
- 2 Барлық қосымшалар көрсетілгенде, жойылатын қосымшаға өтіп, оны таңдаңыз.
- 3 **Жою** опциясын түртіңіз.


Қоңыраулар

Аудан бойынша қоңырауды тазарту мүмкіндігін пайдалануға болады.



Қоңырау шалу

- 1  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Нөмір теру құралымен санды енгізіңіз. Санды жою үшін  белгішесін түртіңіз.
- 3 Қажетті нөмірді енгізгеннен кейін қоңырау шалу үшін  опциясын түртіңіз.
- 4 Қоңырауды аяқтау үшін  опциясын түртіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Халықаралық қоңырауларды жасау мақсатында «+» таңбасын енгізу үшін  белгішесін түртіп, ұстап тұрыңыз.

Контактілерге қоңырау шалу

- 1  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Контактілер тізімі бойынша айналдырыңыз. Сонымен қатар, Іздеу өрісінде контакт атын енгізуге немесе экранның оң жақ шетіндегі алфавит әріптері бойынша айналдыруға болады.
- 3 Көрсетілетін тізімде қоңырау шалу керек контактін түртіңіз.





Қоңырауға жауап беру және қоңырауды қабылдамау

- Кіріс қоңырауға жауап беру үшін кез келген бағытта  жүргізіңіз.
- Кіріс қоңырауды қабылдамау үшін кез келген бағытта  жүргізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қоңырауды қабылдамай, қоңырау шалушыға хабар жіберу керек болса,  жүргізіңіз.



Екінші қоңырау шалу

- 1 Бірінші қоңырау кезінде  > **Қоңырау қосу** тармағын таңдап, нөмірді енгізіңіз.
- 2  опциясын түртіңіз.
- 3 Екі қоңырау да қоңырау экранында көрсетіледі. Алғашқы қоңырау құлыптанып, күтуге жіберіледі.
- 4 Қоңыраулар арасында ауысу үшін көрсетілген нөмірді түртіңіз. Немесе конференциялық қоңырау шалу үшін  > **Қоңырауларды біріктіру** опциясын түртіңіз.
- 5 Барлық қоңырауларды аяқтау үшін  опциясын түртіңіз.


ЕСКЕРТПЕ

- Әрбір қоңырау үшін ақы алынады.

Қоңыраулар тізімін көру




- 1  >  > **Қоңырау тізімі** қойындысын түртіңіз.
- 2 Барлық терілген, қабылданған және қабылданбаған қоңыраулардың тізімін көріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Күнді, уақытты және қоңырау ұзақтығын көру үшін қоңырау журналының кез келген элементін түртіңіз.
- Жазылған элементтердің барлығын жою үшін  опциясын, одан кейін **Барлығын жою** опциясын түртіңіз.

Қоңырау параметрлерін өзгерту



Қоңырауларды қайта бағыттау сияқты қоңырау шалу параметрлерін, сондай-ақ операторыңыз ұсынған басқа да арнайы мүмкіндіктерді реттеуге болады.

- 1  >  опциясын түртіңіз.
- 2  > **Қоңырау баптаулары** опциясын түртіп, қажетті опцияларды конфигурациялаңыз.




Контактілер

Құрылғыға контактілерді қосып, оларды Google тіркелгісіндегі контактілермен немесе контактілерді үндестіруді қолдайтын басқа контактілермен үндестіруге болады.

Контактілерді іздеу

- 1  >  опциясын түртіңіз.
- 2 **Контактілерді іздеу** белгішесін түртіңіз де, пернетақтаны пайдаланып контакт атын енгізіңіз. Сәйкестіктер теруді бастаған кезде көрсетіледі.



Жаңа контакт қосу

- 1  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Жаңа контакт нөмірін енгізіңіз.
- 3  > **Контактілерге қосу** > **Жаңа контакт** тармағын түртіңіз.
- 4 Жаңа контактіге сурет қосу керек болса, кескін белгішесін түртіңіз. **Суретке түсіру** немесе **Галереядан таңдау** опциясын таңдаңыз.
- 5 Контакт үшін қажетті ақпаратты енгізіңіз.
- 6 **САҚТАУ** опциясын түртіңіз.



Таңдаулы контактілер

Жиі қоңырау соғылатын контактілерді таңдаулылар ретінде жіктеуге болады.




Контактіні таңдаулылар тізіміне қосу

- 1  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Толық мәліметін көру үшін контактіні түртіңіз.
- 3 Экранның үстіңгі оң жағындағы жұлдызшаны түртіңіз. Жұлдызша сары түске өзгереді.

Контактіні таңдаулылар тізімінен жою

- 1  >  > **Таңдаулылар** қойындысын түртіңіз.
- 2 Толық мәліметін көру үшін, контактіні таңдаңыз.
- 3 Экранның үстіңгі оң жағындағы сары жұлдызшаны түртіңіз. Жұлдызша қара түске ауысады және контакт таңдаулылар тізімінен жойылады.

Топ жасау

- 1  >  > **Топтар** қойындысын түртіңіз.
- 2  > **Жаңа топ** опциясын түртіңіз.
- 3 Жаңа топтың атын енгізіңіз. Жаңа құрылған топ үшін бөлек қоңырау үнін орнатуға да болады.
- 4 Топқа контактiлердi қосу үшін **Қатысушы қосу** түймесін түртіңіз және **ҚОСУ** опциясын түртіңіз.
- 5 Топты сақтау үшін **САҚТАУ** пәрменін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Топ жойылатын болса, сол топқа белгіленген контактiлер жоғалмайды. Олар контактiлер тізімінде сақталып қалады.





Хабарлар

Құрылғы мәтіндік және мультимедиалық хабар алмасуды түсінікті, оңай пайдаланылатын бір мәзірге біріктіреді.

ЕСКЕРТПЕ



- Әр жіберілген хабарға ақы алынуы мүмкін. Қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

Хабар жіберу

- 1  >  >  опциясын түртіңіз.
- 2  опциясын түртіп, Контактілер тізімінен бір немесе бірнеше жазбаны таңдаңыз.

НЕМЕСЕ

Контакт атын немесе контакт нөмірін **Кімге:** өрісіне енгізіңіз. Контакт атын енгізсеңіз, сәйкес контактілер пайда болады. Ұсынылған алушыны түртуге және бірнеше контакт қосуға болады.

- 3 Хабар енгізуді бастау үшін мәтін жолын түртіңіз.
- 4 Опциялар мәзірін ашу үшін  опциясын түртіңіз. Қолжетімді опциялардың бірін таңдаңыз.
- 5 Хабар арқылы бөлісетін файлды тіркеу үшін  белгішесін түртіңіз.
- 6 Хабарды жіберу үшін **Жіберу** пәрменін түртіңіз.

Сөйлесулер көрінісі

Екінші тараппен алмастырылатын хабарлар хронологиялық тәртіппен пайда болады, сонда сөйлесуді қолайлы шолып қарауға болады.




Хабар алмасу параметрлерін өзгерту

Құрылғының хабар алмасу параметрлері хабарларды дереу жіберу үшін алдын ала анықталады. Параметрлерді қалауыңызша өзгертуге болады.


-  >  >  > **Баптаулар** тармағын түртіңіз.

Камера


Суретке және бейнеге түсіру және оларды бөлісу үшін камераны немесе қолкамераны пайдалануға болады.



-  >  >  опциясын түртіңіз.







Фотосуретке түсіру

- 1 Экрандағы нысанды жақтауға алыңыз.
- 2 Нысанның айналасындағы квадрат камераның фокусталғанын білдіреді.
- 3 Суретке түсіру үшін  опциясын түртіңіз. Сурет автоматты түрде галереяға сақталады.

Көрініс іздегіштегі камера опциялары




1		Көрініс іздегіште камера параметрлерін жасыру/ көрсету үшін түртіңіз.
2		Камера жарқылын басқаруға мүмкіндік береді.





3		Артқы камера объективі мен алдыңғы камера объективі арасында ауысу үшін түртіңіз.
4		Камера параметрлері мәзірін ашу үшін осы белгішені түртіңіз.
5		Соңғы түсірілген фотосуретті немесе бейнені көру үшін түртіңіз.
6		Жазбаны бастау үшін түртіңіз.
7		Суретке түсіру үшін түртіңіз.
8		Камерадан шығу үшін түртіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Суретке түсірерден бұрын қорғаныш линзаны майда талшықты шүберекпен тазалауды ұмытпаңыз. Линза бетіндегі саусақтың іздерінен бұлыңғыр суреттер шығуы мүмкін.

Күрделі параметрлерді пайдалану







Камера көрініс іздегішіндегі қосымша параметрлерді көрсету үшін  опциясын түртіңіз. Келесі камера параметрлерін реттеу үшін әрбір белгішені түртіңіз.

	Сурет және бейне сапасы қатынасын орнатыңыз.
	Дауысты командалармен суретке түсіруге мүмкіндік береді. Қосылған кезде суретке түсіру үшін « Чииз », « Смайл », « LG », т.б. деп айтасыз.
	Камера таймерін орнатыңыз. Суреттің немесе бейненің бір бөлігі болғыңыз келсе, бұл қолайлы болмақ.
	Туралау анықтамасымен тор сызығын көрсету арқылы суреттерге және бейнелерге жақсы түсіруге мүмкіндік береді.





	<p>Суреттеріңіз және бейнелеріңіз сақталатын орынды белгілеңіз. IN (ішкі жад) және SD (жад картасы) арасынан таңдаңыз. Бұл мәзір SD картасы салынғанда ғана пайда болады.</p>
	<p>Функцияның қаншалықты жұмыс істейтінін білуге мүмкіндік береді. Бұл белгіше анықтамалық нұсқаулықты ашады.</p>

Фотосуретке түсірген кезде




Соңғы түсірілген фотосуретті көру үшін экрандағы сурет нобайын түртіңіз.

	<p>Фотосуретті өңдеу үшін түртіңіз.</p>
	<p>Дереу басқа фотосурет түсіру үшін түртіңіз.</p>
	<p>Қолжетімді бөлісу опцияларын ашу үшін түртіңіз.</p>
	<p>Фотосуретті жою үшін түртіңіз.</p>
	<p>Қосымша опцияларға қатынасу үшін түртіңіз.</p>
	<p>Фотосуретті таңдаулыларға қосу үшін түртіңіз.</p>

Бейне түсіру

- 1  >  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Экрандағы нысанды жақтауға алыңыз.
- 3 Бейнені жазуды бастау үшін  опциясын түртіңіз.
- 4 Жазбаның ұзақтығы экранның үстіңгі жағынан көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ






- Бейне жазылып жатқанда суретке түсіру үшін  белгішесін түртіңіз.
- 5 Бейнені түсіруді кідірту үшін  белгішесін түртіңіз. Қайта  опциясын түртіп, жазуды жалғастыруға болады.

НЕМЕСЕ

Жазбаны тоқтату үшін  опциясын түртіңіз. Бейне автоматты түрде галереяға сақталады.




Бейнені түсіргеннен кейін

Соңғы түсірілген бейнені көру үшін экрандағы бейне нобайын түртіңіз.

	Дереу басқа бейне түсіру үшін түртіңіз.
	Қолжетімді ортақтасу опцияларын ашу үшін түртіңіз (Хабар алмасу немесе Bluetooth).
	Бейнені жою үшін түртіңіз.
	Қосымша опцияларға қатынасу үшін түртіңіз.
	Бейнені таңдаулыларға қосу үшін түртіңіз

Галерея

Галерея қолданбасы сақтау орнындағы суреттер мен бейнелерді, оның ішінде Камера қолданбасымен түсірілгендерді және интернет немесе басқа орындардан жүктеп алынғандарды көрсетеді.

- 1  >  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Альбомды ашу және оның құрамын көру үшін оны түртіңіз. (Альбомдағы суреттер мен бейнелер хронологиялық ретпен көрсетіледі.)
- 3 Альбомдағы суретті түртіп көріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Орнатылған бағдарламалық құралға байланысты кейбір файл пішімдеріне қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Кодтауына байланысты кейбір файлдар дұрыс ойнатылмауы мүмкін.

Суреттерді көру


Галерея қалталардағы суреттерді көрсетеді. Электрондық пошта сияқты қосымша суретті сақтағанда, суретті қамтитын жүктеп алу қалтасы автоматты түрде жасалады. Осы сияқты, скриншотты автоматты түрде түсіру Screenshots (Скриншоттар) қалтасын жасайды.

Суреттер жасалған күні бойынша көрсетіледі. Толық экранда көру үшін суретті таңдаңыз. Келесі немесе алдыңғы суретті көру үшін солға немесе оңға жылжыңыз.

Фотосуреттерді өзгерту

Фотосуретті көру кезінде  опциясын түртіңіз.

Тұсқағаз орнату

Фотосуретті көру кезінде суретті тұсқағаз етіп орнату немесе контактіге тағайындау үшін  > **Суретті басқаша сақтау** опциясын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Орнатылған бағдарламалық құралға байланысты кейбір файл пішімдеріне қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Егер файл өлшемі қол жетімді жадтан асса, файлдарды ашқанда қате орын алуы мүмкін.

Ұлғайту және кішірейту

Суретте ұлғайту үшін келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз:







- Ұлғайту үшін кез келген жерде екі рет түртіңіз.
- Ұлғайту үшін суреттің кез келген орнында екі саусақты жазыңыз. Масштабты кішірейту үшін шымшыңыз немесе орнына келтіру үшін екі рет түртіңіз.

Бейнені ойнату

- 1  >  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Қаралатын бейнені таңдаңыз.

Бейне параметрлері





1		Бейнені ойнатуды кідірту/жалғастыру үшін түртіңіз.
2		Алға жылдам қадамдап өткізу үшін басып тұрыңыз. 10 секунд алға жылдам жылжыту үшін түртіңіз.
3		Кері қадамдап өткізу үшін басып тұрыңыз. 10 секунд артқа жылжыту үшін түртіңіз.
4		Бейненің дыбыс деңгейін реттеу үшін түртіңіз.
5		Экранды құлыптау/құлпын ашу үшін түртіңіз.
6		Қосымша опцияларға қатынасу үшін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бейне ойнап тұрғанда, дыбыс деңгейін реттеу үшін экранның оң жағын жоғары-төмен сырғытыңыз.
- Бейне ойнап тұрғанда, жарықтықты түзету үшін экранның сол жағын жоғары-төмен сырғытыңыз.
- Бейне ойнап тұрғанда, жылдам алға және кері айналдыру үшін саусағыңызды солдан-оңға қарай (немесе керісінше) сырғытыңыз.

Суреттерді/бейнелерді жою

Келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз:

- Қалта ішінде  опциясын түртіп, фотосуреттер/бейнелер опциясын таңдап, **ЖОЮ** опциясын түртіңіз.
- Фотосуретті көру кезінде  опциясын түртіңіз.



Эл. пошта

Gmail қызметінен басқа провайдерлерден келген электрондық поштаны оқу үшін Электрондық пошта қолданбасын пайдалануға болады. Электрондық пошта қолданбасы келесі тіркелгі түрлерін қолдайды: POP3, IMAP, Microsoft Exchange (кәсіпорын пайдаланушылары үшін) және басқа тіркелгілер.

-  >  >  опциясын түртіңіз.

Тіркелгі қосу

Электрондық пошта қолданбасын бірінші рет ашқанда, сізге электрондық пошта тіркелгісін қосуға көмектесетін орнату шебері ашылады. Сондай-ақ, **Баптаулар** қолданбасы арқылы электрондық пошта тіркелгісін қосуға болады.




-  > **Баптаулар** >  тармағын түртіңіз.

Есептік жазба қалталарымен жұмыс істеу

-  > **Барлық қалталарды к...** тармағын түртіңіз.

Әрбір есептік жазбада Кіріс жәшігі, VIP, Жіберіген, Жобалар және Барлық қалталарды көрсету болады. Есептік жазбаның қызмет жеткізушісі қолдайтын мүмкіндіктерге байланысты қосымша қалталар болуы мүмкін.



Электрондық пошта хабарын жасау және жіберу

- 1  опциясын түртіңіз.
- 2 Хабардың мақсатты алушысының мекенжайын енгізіңіз. Мәтінді енгізу кезінде контактілер ішінен сәйкес мекенжайлар ұсынылады. Бірнеше мекенжайды енгізгенде, үтірлі нүктемен бөліңіз.
- 3 Басқа контактілерге/электрондық пошта мекенжайларына көшірмелеу немесе жасырын көшірмелеу үшін **Көшірме/Всс** өрісін түртіңіз.
- 4 Мәтін өрісін түртіп, хабарды енгізіңіз.
- 5 Таңдалған сөздерді өзгерту үшін (қалың/көлбеу/асты сызылған/түсті) мәтін өрісін ұзақ басыңыз.
- 6 Хабармен жіберу керек файлды тіркеу үшін  опциясын түртіңіз.
- 7 Хабарды жіберу үшін  опциясын түртіңіз.

Электрондық поштаның жалпы параметрлерін өзгерту

-  > **Баптаулар** > **Жалпы баптаулар** тармағын түртіңіз.

Электрондық пошта тіркелгісін жою

-  > Баптаулар >  > Есептік жазбаны өшіру > Жойылатын есептік жазбаны таңдаңыз > ШЫҒАРУ > ИӘ тармағын түртіңіз.




Музыка

Құрылғыңызда барлық таңдаулы әндерді ойнатуға мүмкіндік беретін музыка ойнатқышы бар.


ЕСКЕРТПЕ








- Орнатылған бағдарламалық құралға байланысты кейбір файл пішімдеріне қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Егер файл өлшемі қол жетімді жадтан асса, файлдарды ашқанда қате орын алуы мүмкін.
- Музыкалық файлдың авторлық құқықтары халықаралық келісімдермен және мемлекеттік авторлық құқықтар туралы заңдармен қорғалуы мүмкін. Сондықтан, музыканы қайта шығару немесе көшіру үшін рұқсат немесе лицензия алу қажет болуы мүмкін. Кейбір елдерде мемлекеттік заңдар авторлық құқықпен қорғалған материалды жеке пайдалану үшін көшіруге тыйым салады. Файлды жүктеу немесе көшіру алдында тиісті елдің мұндай материалды пайдалануға қатысты мемлекеттік заңдарын қараңыз.





Ән ойнату

- 1  >  >  опциясын түртіңіз.
- 2 **Әндер** қойындысын түртіңіз.
- 3 Ойнатылатын әнді таңдаңыз.
- 4 Келесі параметрлер қол жетімді.

Әуен ойнатқышы опциялары





1		Ойнатуды кідірту үшін түртіңіз.
		Ойнатуды жалғастыру үшін түртіңіз.
2		Альбомдағы, ойнату тізіміндегі не еркін ойнатудағы келесі трекке өту үшін түртіңіз. Алға жылдам өткізу үшін басып тұрыңыз.
3		Ағымдағы тректі қайта іске қосу немесе альбомдағы, ойнату тізіміндегі немесе еркін ойнатудағы алдыңғы трекке өткізу үшін түртіңіз. Кері өткізу үшін басып тұрыңыз.
4		Дыбыс деңгейін реттеу үшін түртіңіз.
5		Музыкалар кітапханасын ашу үшін түртіңіз.
6		Ағымдағы ойнату тізімін еркін ойнату үшін түртіңіз (тректер еркін ретпен ойнатылады).

7		Барлық әндерді қайталау, ағымдағы әнді қайталау және қайталауды өшіру режимдерін ауыстыру үшін түртіңіз.
8		Әнді таңдаулыларға қосу үшін түртіңіз.
9		Ағымдағы ойнату тізімін ашу үшін түртіңіз.
10		Қосымша опцияларға қатынасу үшін түртіңіз.


Сағат

Сағат қолданбасы Оятқыштар, Таймер, Әлемдік сағат және Секундомер функцияларына өтуге мүмкіндік береді. Экран үстіндегі қойындыларды түрту арқылы немесе экранда көлденеңінен сипау арқылы осы функцияларға өтуге болады.

-  >  >  опциясын түртіңіз.

Оятқыш

Оятқыштар қойындысы оятқыштарды орнатуға мүмкіндік береді.

- 1 **Оятқыш** қойындысын түртіңіз.
- 2 Жаңа оятқышты қосу үшін  опциясын түртіңіз.
- 3 Параметрлерді қажетінше түзетіп, **САҚТАУ** опциясын түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Сонымен қатар, өңдеу үшін бар оятқышты түртуге болады.

Таймер

Таймер қойындысы орнатылған уақыт өткен кезде дыбыстық сигналмен оятады.

- 1 **Таймер** қойындысын түртіңіз.
- 2 Таймерде қажетті уақытты орнатыңыз.

3 Таймерді іске қосу үшін **Бастау** опциясын түртіңіз.

4 Таймерді тоқтату үшін **Тоқта.** опциясын түртіңіз.

Әлемдік сағат

Әлемдік сағат қойындысы әлем бойынша басқа қалалардағы ағымдағы уақытты тексеруге мүмкіндік береді.

1 **Әлемдік сағат** қойындысын түртіңіз.

2  опциясын түртіп, қажет қаланы таңдаңыз.

Секундомер

Секундомер қойындысы құрылғыны секундомер ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

1 **Секундомер** қойындысын түртіңіз.


2 Секундомерді қосу үшін **Бастау** түймесін түртіңіз.

· Айналым уақыттарын жазу үшін **Айналым** түймесін түртіңіз.

3 Секундомерді тоқтату үшін **Тоқта.** түймесін түртіңіз.

Есептегіш


Есептегіш қолданбасы стандартты немесе ғылыми калькулятормен математикалық есептеулерді орындауға мүмкіндік береді.

1  >  >  опциясын түртіңіз.

2 Сандарды енгізу үшін сандық түймелерді түртіңіз.





3 Қарапайым есептеулер үшін қажетті функцияны (+, −, × немесе ÷) және артынан «=» таңбасын түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

· Жиынтық есептеулер үшін  түймесін түртіңіз.

Күнтізбе







Күнтізбе қолданбасы оқиғалар кестесін бақылауға мүмкіндік береді.

- 1  >  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Оқиға қосылатын күнді түртіңіз. Одан кейін  опциясын түртіңіз.


Диктофон

Диктофон қолданбасы түрлі жолдармен дыбыстық файлдарды жазады.

Дыбыс немесе дауыс жазу




- 1  >  >  опциясын түртіңіз.
- 2 Жазуды бастау үшін  түймесін түртіңіз.
- 3 Жазуды аяқтау үшін  түймесін түртіңіз.
- 4 Жазбаны тыңдау үшін  түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазбаларға өту үшін  түймесін түртіңіз. Сақталған жазбаларды тыңдауға болады.




Жүктеулер

Бұл қосымшаны қосымшалар арқылы қандай файлдар жүктеп алынғанын көру үшін пайдаланыңыз.

-  >  >  опциясын түртіңіз.

FM радио

Құрылғыда кірістірілген FM радиосы бар, сондықтан таңдаулы стансаларыңызды реттеп, жолда тыңдауға болады.

-  >  >  опциясын түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Антенна ретінде пайдалану үшін құлақаспаптарды тығу қажет.

LG Backup

Құрылғы деректерін сақтық көшіру және қалпына келтіру туралы ақпарат

Кез келген бағдарламалық құралды жаңартпастан бұрын сақтық көшірме файлын үнемі жасап, ішкі жад құралына сақтау отыруға кеңес беріледі. Ағымдағы сақтық көшірме файлын жад картасына сақтау кездейсоқ құрылғыңызды кездейсоқ жоғалтып, ұрлатып немесе бұзып алсаңыз, құрылғы деректерін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Бұл LG сақтық көшірме қолданбасына LG құрылғысы, басқа бағдарламалық құрал немесе оперативтік жүйе нұсқалары қолдау көрсетеді. Нәтижесінде жаңа LG құрылғысын атып алған кезде, ағымдағы құрылғыдағы деректердің сақтық көшірмесін жаңа құрылғыға жасауға болады.

LG сақтық көшірме қолданбасы құрылғыға алдын ала жүктелген болса, сіз жүктеп алынған және алдын ала орнатылған қолданбаларды, бетбелгілерді, күнтізбе жазбаларын, контактiлердi, басты экран параметрлерiн және жүйе параметрлерiн қамтитын деректердiң көбiнiң сақтық көшірмесін жасай аласыз және оларды қалпына келтіре аласыз.



ЕСКЕРТУ

- Батарея зарядының жеткіліксіздігінен сақтық көшірме жасау немесе қалпына келтіру әрекеті барысында кездейсоқ өшіп қалудан қорғау үшін әрдайым батареяны толық зарядтап отыру керек.

ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғыға сақталатын барлық файлдар сақтық көшірме файлын қалпына келтірілмес бұрын жойылады. Сақтық көшірме файлын басқа орынға көшіріңіз.
- Құрылғы деректері сақтық көшірме мазмұнымен ауыстырылатынын ескеріңіз.

Құрылғы деректерін сақтық көшіру

1  >  >  опциясын түртіңіз.

2 Қажетті опцияларды таңдаңыз.

- **Құрылғылар арасындағы деректерді көшіру:** деректерді екі құрылғыдан жаңа құрылғыға көшіріңіз.
- **Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру:** деректерді сақтық көшіру немесе сақтық көшірмеден қалпына келтіру.

Google қосымшалары

Google қызметі көңіл көтеру, әлеуметтік желі және бизнес қосымшаларын қамтамасыз етеді. Кейбір қосымшаларға кіру үшін Google тіркелгісі сұралуы мүмкін.

Көбірек қосымша ақпаратын көру үшін әрбір қосымшаның анықтама мәзіріне кіріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір қосымшалар аймаққа немесе қызмет провайдеріне байланысты қолжетімді болмауы мүмкін.

Google

Элементтерді Интернетте құрылғыда жылдам іздеу.

Chrome

Ақпаратты іздеп, веб-беттерді шолу.

Gmail

Google Mail қызметі арқылы электрондық хабарларды жіберу және алу.

Карталар

Картада орныңызды тауып, орындарды іздеу және әртүрлі орындардың орналасу ақпаратын көру.

YouTube

Бейнелерді көру немесе жасау және оларды басқа пайдаланушылармен ортақ пайдалану.

Drive

Контентті бұлтта сақтап, оларға кез келген жерден кіру және оны басқа пайдаланушылармен ортақ пайдалану.

Play Music

Музыканы телефонда ашу, тыңдау және ортақ пайдалану.

Play Movies

Құрылғыда сақталған бейнелерді көру және Play Store қолданбасынан көретін әртүрлі мазмұнды жүктеу.

Hangouts

Достарыңызбен жеке немесе топтарда сөйлесу және сөйлесіп жатқанда кескіндерді, эмотикондар мен бейне қоңырауларын пайдалану.

Photos

Құрылғыда сақталған және Google+ қолданбасына жүктелген фотосуреттерді, альбомдар мен бейнелерді басқару.

Google параметрлері

Google қызметі қамтамасыз ететін мүмкіндіктерге арналған параметрлерді конфигурациялау.

Дауыспен іздеу

Кілтсөзді немесе фразаны айту арқылы элементтерді жылдам іздеу.


A decorative graphic consisting of several groups of horizontal white lines of varying lengths, arranged in a descending staircase pattern from the top left towards the bottom right. The background is a solid, vibrant red color.

Баптаулар

Параметрлер мәзіріне қол жеткізу

Параметрлер қолданбасы құрылғыны реттеуге және жекелендіруге мүмкіндік береді.

Параметрлер қолданбасын ашу

-  опциясын түртіңіз >  > **Жүйе баптаулары** тармағын түртіп, басып тұрыңыз.

НЕМЕСЕ

-  >  >  опциясын түртіңіз.

Көру параметрлері

Көру режимін ауыстыру үшін  опциясын түртіңіз.

- **Теру тізімі:** тізім бойынша жоғары және төмен айналдырыңыз.
- **Қойынды көрінісі:** солға және оңға жүргізіңіз немесе қажетті қойындыны түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Осы нұсқаулықтағы тапсырмаларды орындау нұсқаулары әдепкі көрініс параметріне негізделеді.

Желілер параметрлері

Қос SIM карта

Қос SIM картасының параметрлері мәзірінің параметрлерін реттеуге болады.

Баптаулар экранында **Желілер қойындысы** > **Қос SIM карта** тармағын түртіңіз.


- **SIM карта 1:** SIM 1 картасына арналған SIM картасының атауын және SIM картасының белгішесін өзгертуге мүмкіндік береді.
- **1-ші слотты қосу:** 1-ші SIM картасының слотын іске қосу не өшіру үшін белгілеңіз.

- **SIM карта 2:** SIM 2 картасына арналған SIM картасының атауын және SIM картасының белгішесін өзгертуге мүмкіндік береді.
- **2-ші ұяшықты белсендіру:** 2-ші SIM картасының слотын іске қосу не өшіру үшін белгілеңіз .
- **SIM карта түсінің тақырыбы:** қалаған түстерді таңдауға мүмкіндік береді.
- **Құнды сақтау әдісі:** телефон кітабына қосқан кезде әрбір контакт тағайындалған SIM картасымен бірге қосылады. Қоңырау шалу кезінде, сәйкес оператордың SIM картасы анықталып, әрекет сәйкес оператордың SIM картасымен аяқталады. Бұл бірдей операторды қолдану артықшылығын пайдалануға мүмкіндік береді.
- **Ұялы деректер:** деректерді ұялы байланыс желісі арқылы қосу үшін белгілеңіз.
- **Пайдаланатын SIM карта:** әдепкі деректер желісін таңдауға болады. Барлық мобильді пакет қызметтері (Веб, MMS, электрондық пошта, т.б.) осы мәнде таңдалған SIM картасын пайдаланады. Тек бір SIM картасы салынғанда, әдепкі деректер желісі салынған SIM картасы ретінде орнатылады және өзгертуге рұқсат етілмейді.
- **Деректер роумингі:** жергілікті желі аймағынан тыс роумингте болғанда ұялы деректер байланысын қолдануға мүмкіндік беру үшін құсбелгі қойыңыз.

Wi-Fi

Сымсыз кіру нүктесінің (AP) аясында жоғары жылдамдықты интернетті пайдалануға болады.

Баптаулар экранында **Желілер** қойындысы > **Wi-Fi** тармағын түртіңіз.

- 1 Wi-Fi функциясын қосу үшін  опциясын түртіңіз, одан кейін қол жетімді Wi-Fi желілерін іздей бастаңыз.
- 2 Қосылу үшін, желіні түртіңіз.

- Егер желі құлып белгішесімен қауіпсіз етілсе, қауіпсіздік кілтін немесе құпия сөз енгізу керек.

3 Күй жолағы Wi-Fi күйін білдіретін белгішелерді көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Wi-Fi аумағында болмасаңыз немесе Wi-Fi өшіп тұрса, құрылғы автоматты түрде ақылы мобильді деректер арқылы интернетке қосылуы мүмкін.

Wi-Fi Direct

Wi-Fi Direct қолданбасы кіру нүктесінсіз Wi-Fi қосылған құрылғылар арасында тікелей байланысты қамтамасыз етеді.

-  > Қосымша Wi-Fi > Wi-Fi Direct тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Осы мәзірде болған кезде құрылғы Wi-Fi Direct құрылғылары жанындағы басқа құрылғыларға көрінеді.


Bluetooth

Bluetooth — құлақаспаптар, қолсыз көлік жинақтары, Bluetooth қосулы құлақаспаптар, компьютерлер, принтерлер және сымсыз құрылғылар сияқты Bluetooth құрылғыларына сымсыз түрде қосылуға мүмкіндік беретін қысқа ауқымды байланыстар технологиясы.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth байланыс мүмкіндігі арқылы жіберілген немесе қабылданған деректердің жоғалуына, оларды бөтен адамдардың алуына немесе дұрыс қолданбауына LG компаниясы жауап бермейді.
- Үнемі деректерді сенімді және жақсы қорғалған құрылғылармен бөліскеніңізге және қабылдағаныңызға көз жеткізіңіз.
- Құрылғылар арасында кедергілер болса, байланыс арақашықтығы қысқартылады.
- Кейбір құрылғылар, әсіресе, Bluetooth SIG арқылы сыналмағандары немесе мақұлданбағандары құрылғыңызбен үйлесімді болмауы мүмкін.

Құрылғыны басқа Bluetooth құрылғысымен жұптау

- 1 **Баптаулар** экранында **Желілер** қойындысы > **Bluetooth** тармағын түртіңіз.
- 2 Bluetooth функциясын қосу және қол жетімді Bluetooth құрылғыларын іздеуді бастау үшін  опциясын түртіңіз.
 - Бұған қоса, ауқымдағы көрінетін құрылғыларды анықтау керек болса, **ІЗДЕУ** пәрменін түртіңіз.
- 3 Тізімнен жұпталатын құрылғыны таңдаңыз. Жұптастыру сәтті болған кезде құрылғы басқа құрылғыға қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Екі Bluetooth құрылғысы арасындағы жұптастыру — бір реттік процесс. Жұптастыру жасалған кезде құрылғылар серіктестік анықтауды және ақпарат алмасуды жалғастырады.
- Жұптасу режимі мен құпия код (әдетте 0 0 0 0 – төрт нөл) туралы ақпаратты Bluetooth құрылғысымен бірге берілген құжаттан қараңыз.


Bluetooth арқылы деректер жіберу

- 1 Контакт немесе медиа файл сияқты файл немесе элемент таңдау.
- 2 Деректерді Bluetooth арқылы жіберу үшін параметрді таңдаңыз.
- 3 Bluetooth қосылатын құрылғыны іздеңіз және жұптаңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Басқа Bluetooth үйлесімді құрылғылардың түрлі сипаттамалары мен мүмкіндіктеріне байланысты дисплей мен операциялар әр түрлі болуы мүмкін және тасымалдау немесе алмасу сияқты функциялар барлық Bluetooth үйлесімді құрылғылармен істемейі мүмкін.

Bluetooth арқылы деректер алу

- 1 **Баптаулар** экранында **Желілер** қойындысы > **Bluetooth** тармағын түртіңіз.
- 2 Bluetooth функциясын қосу үшін  түртіңіз.
- 3 Жіберу құрылғысынан жұптастыру талпынысын қабылдауға сұрау аласыз. **ҚАБЫЛДАУ** опциясының таңдалғанын тексеріңіз.

Ұялы деректер

Деректер қолданысын көрсетеді және құрылғының деректер қолдану шегін орнатады.

- Құрылғыңыздағы деректер қосылысын қосу немесе өшіру үшін  опциясын түртіңіз. Бұл құрылғыңыздағы деректердің қолданылуын басқаруға мүмкіндік береді. Деректердің орнына Wi-Fi желі қосылымын пайдалануға болады.

Қоңырау баптаулары

Әр түрлі қоңырау параметрлерін конфигурациялауға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Желілер** қойындысы > **Қоңырау баптаулары** тармағын түртіңіз.

[SIM карта 1/SIM карта 2 қойындысы]

- **Дауыс поштасы:** оператордың дауыс поштасы қызметін таңдауға мүмкіндік береді.
- **Бекітілген теру нөмірлері:** телефоннан қоңырау шалуға болатын нөмірлердің тізімін басқаруға және жасауға мүмкіндік береді. Осы үшін оператордан алынатын PIN2 коды қажет болады. Іске қосылса, телефоннан тек тізімде бекітілген теру нөмірлеріне қоңырау шалуға болады.
- **Қоңырауды бұру:** қоңырауды бұру функциясын орнатуға болады.

- **Қоңырауға тыйым салу:** кіріс, шығыс немесе халықаралық қоңырауларды құлыптайды.
- **Қоңырау ұзақтығы:** қоңыраулар ұзақтығын, оның ішінде соңғы қоңырауды, шалынған қоңырауларды, қабылданған қоңырауларды және барлық қоңырауларды көру.
- **Қосымша баптаулар: Қоңырау шалушының ұқсатқышы** немесе **Қоңырауды күттіру**, т.б. сияқты келесі параметрлерді өзгертуге мүмкіндік береді.

[Ортақ қойындысы]

- **Зерделі қайта жіберу:** SIM1 картасы бос болмаса, SIM2 қоңырауларын және керісінше қабылдауға болады.
- **Кіріс қоңырауының қалқымасы:** қолданба пайдаланылып жатқанда кіріс қоңырауының қалқымалы терезесін көрсетеді.
- **Қоңырауды ажырату:** қоңырауды қабылдамау функциясын орнатуға болады.
- **Хабармен бірге қабылдамау:** қоңырауды қабылдамау қажет болса, осы функцияны пайдаланып жылдам хабар жіберуге болады. Бұл жиналыс кезінде қоңырауды қабылдамау керек болған жағдайда пайдалы.
- **Автоматты жауапшы:** қосылған хэндсфри құрылғысы кіріс қоңырауға автоматты түрде жауап берместен бұрынғы уақытты белгілейді.
- **Қосылым дірілі:** екінші тарап қоңырауға жауап бергенде телефонды дірілдетеді.
- **Белгісіз нөмірлерді сақтау:** қоңыраудан кейін белгісіз нөмірлерді контактiлерге сақтау.
- **Қуат пернесі қоңырауды аяқтайды:** қоңырауларды аяқтау үшін қуат пернесін пайдалануға мүмкіндік береді.
- **Кіріс қоңырауы күтуде:** келген қоңыраулардың дыбысын өшіру мақсатында телефонды жабуға мүмкіндік беру үшін құсбелгі қойыңыз.


Басып шығару

Android құрылғысымен бірдей Wi-Fi желісіне жалғанған принтермен кейбір экрандардағы мазмұнды (Chrome браузерінде көрсетілген веб-беттер сияқты) басып шығаруға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Желілер** қойындысы > **Тарату және Қосылу** > **Басып шығару** тармағын түртіңіз.

USB-модем


Интернет байланысын USB кабелі арқылы компьютермен бөлісуге мүмкіндік береді.

- 1 Құрылғыны компьютерге USB кабелімен жалғаңыз.
- 2 **Баптаулар** экранында **Желілер** қойындысы > **Модем ретінде пайдалану** тармағын түртіңіз.
- 3 USB-модем мүмкіндігін қосу үшін  белгішесін түртіңіз.

Wi-Fi ену нүктесі


Сондай-ақ, құрылғы кең жолақты қосылымын қамтамасыз ету үшін құрылғыны пайдалануға болады. Кіру нүктесін жасау және байланыспен бөлісу.

Баптаулар экранында **Желілер** қойындысы > **Модем ретінде пайдалану** тармағын түртіңіз

- 1 Wi-Fi ену нүктесін қосу үшін  белгішесін түртіңіз.
- 2 SSID параметрін, қауіпсіздік түрін, құпия сөзді және басқа кіру нүктесі опцияларын өзгерту үшін «Wi-Fi ену нүктесін орнату» түймесін түртіңіз.

Bluetooth байланыстырылды

Bluetooth мүмкіндігі арқылы басқа құрылғыларға қосуға мүмкіндік береді.

- **Баптаулар** экранында **Желілер** қойындысы > **Модем ретінде пайдалану** тармағын түртіңіз.
- Қосылымды Bluetooth байланыстыру мүмкіндігі арқылы ортақ пайдалану мақсатында Bluetooth байланыстыру мүмкіндігін қосу үшін  белгішесін түртіңіз.

Ұшақ режимі

Қоңыраулар шалуға немесе қабылдауға не болмаса деректерді пайдалануға тыйым салынған аумақта болғанда ойындар және музыка сияқты құрылғы функцияларының көпшілігін пайдалануға мүмкіндік береді. Құрылғыны ұшақ режиміне орнатқанда қоңырауларды жіберу немесе қабылдау, не болмаса онлайн деректерге қол жеткізу мүмкін болмайды.

Баптаулар экранында **Желілер** қойындысы > **Қосымша** > **Ұшақ режимі** тармағын түртіңіз.

VPN

Құрылғыдан корпоративтік желі сияқты қауіпсіз жергілікті желі ішіндегі ресурстарға қосылуға және оларды ашуға мүмкіндік беретін виртуалды жеке желілерді (VPN) қосуға, орнатуға және басқаруға болады.

Баптаулар экранында **Желілер** қойындысы > **Қосымша** > **VPN** тармағын түртіңіз.

Мобильді желілер

Бұл мәзір **Желі режимі**, **Кіру нүктесінің аттары**, т.с.с әр түрлі желі параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Желілер** қойындысы > **Қосымша** > **Мобильді желілер** тармағын түртіңіз.

Дыбыс & Ескерту параметрлері

Құрылғыдағы әртүрлі дыбыстар үшін параметрлерді өзгертуге мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Дыбыс & Ескерту** қойындысын түртіңіз.

- **Дыбыс пішіні:** телефонның дыбыс профилін орнатуға мүмкіндік береді.
- **Дыбыс деңгейі:** қажеттіліктеріңізге және ортаңызға сай келетіндей құрылғының дыбыс деңгейі параметрлерін реттеңіз.
- **SIM1/2 рингтон:** қоңыраулар үшін қоңырау үндерін орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қоңырау үндерін қосуға және жоюға болады.
- **Дірілі бар дыбыс:** қоңырау соғылғанда қоңырау үнімен бірге құрылғының дірілдеуі үшін қосыңыз.
- **SIM1/2 Діріл түрі:** діріл түрін таңдауға мүмкіндік береді.
- **Кедергілер:** хабарландырулардың әрекетті кедергілердің алдын алу кестесін орнатуға мүмкіндік береді. «Тек басым» опциясы орнатылғанда белгілі бір мүмкіндіктердің әрекетті үзуге рұқсат етуді орната аласыз.
- **Экранды құлыптау:** құлыптау экранында хабарландыруларды көрсету немесе жасыру керектігін таңдауға мүмкіндік береді.
- **Қосымшалар:** ескертулер көрсетуден және басымдылық орнатудан қорғайтын жеке қосымшалар ескертулерін орнатуға мүмкіндік береді.

Қосымша параметрлер

Басқа дыбыс және ескерту параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Дыбыс & Ескерту** қойындысы > **Қосымша** тармағын түртіңіз.

- **SIM1/2 Ескерту дыбыстары:** хабарландыру дыбысын орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ескерту дыбыстарын қосуға және жоюға болады.
- **Дыбыс әсерлері:** бұл мәзір теру тақтасында нөмірлерді түрту кезінде, экрандағы опцияларды және тағы басқа таңдау кезінде үндердің естілуін таңдауға мүмкіндік береді.
- **Хабарламалар/қоңыраулар -дың дауысты хабарлаулары:** құрылғының кіріс қоңырауларды және хабар оқиғаларын автоматты түрде оқуға мүмкіндік береді.

Дисплей параметрлері

Өзіндік бет экраны

Негізгі экран параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Дисплей** қойындысы > **Өзіндік бет экраны** тармағын түртіңіз.

- **Негізгіні таңдау:** қажетті Жұмыс үстелінің тақырыбын таңдаңыз.
- **Тақырып:** құрылғыңыз үшін экран тақырыбын орнатады. Жаңа тақырыптарды LG SmartWorld сайтынан жүктеп алуға болады.
- **Тұсқағаз:** негізгі экранда пайдаланылатын тұсқағазды орнатады.
- **Экран әсері:** Бір негізгі экран кенебінен келесіге жанап өткенде көрсетілетін әсер түрін таңдаңыз.

- **Негізгі экран айналымына рұқсат ету:** негізгі экранды үздіксіз айналдыруға рұқсат ету үшін қосыңыз (соңғы экраннан кейін бірінші экранға өту).
- **Анықтама:** негізгі экран үшін анықтамалық ақпаратты көрсетеді.

Экранды құлыптау

Экранды құлыптау параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Дисплей** қойындысы > **Экранды құлыптау** тармағын түртіңіз.

- **Экран құлпын таңдау:** құрылғыңызды қорғайтын экран құлпының түрін орнатуға мүмкіндік береді.
- **Smart Lock:** құрылғыны сенімді құрылғымен не сенімді орында құлыптанбаған күйінде ұстауды орнатады. Егер қосымша ақпарат керек болса, **Құрылғыны құлыптау және құлпын ашу** ішіндегі **Smart Lock** бөлімін қараңыз.
- **Экран әсері:** құлып экранын жүргізу кезінде пайдаланылатын әсерді орнатады.
- **Тұсқағаз:** экранды құлыптау бетінде көрсетілетін тұсқағазды таңдаңыз.
- **Сілтемелер:** құлыптау экранында қолдануға болатын белгішелерді таңдауға мүмкіндік береді.
- **Телефон жоғалған жағдайдағы байланысу ақпараты:** телефон жоғалған жағдайда құлыптау экранында иесі туралы ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді.
- **Құлыптау таймері:** экранның күту уақыты аяқталғаннан экранның автоматты түрде құлыпталуына дейін қалған уақыт мөлшерін орнатуға мүмкіндік береді.
- **Қуат түймесі дереу құлыптайды:** Қуат/құлып пернесі басылғанда экранды бірден құлыптау үшін белгілеңіз. Бұл параметр құлыптау таймерінің параметрін болдырмайды.

Негізгі сенсорлы түймешіктер

Барлық экрандардың төменгі жағында көрсетілетін негізгі экранның сенсорлы түймелерін орнатыңыз. Қай түймелер көрсетілетінін, жолақтағы орнын және қалай көрінетінін орнатыңыз.

Баптаулар экранында **Дисплей** қойындысы > **Негізгі сенсорлы түймешіктер** тармағын түртіңіз.

Қосымша дисплей параметрлері

Басқа дисплей параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Дисплей** қойындысы тармағын түртіңіз.

- **Шрифт түрі:** қажетті қаріп түрін таңдаңыз.
- **Шрифт өлшемі:** қажетті қаріп өлшемін таңдаңыз.
- **Жарықтығы:** сырғытпа көмегімен экран жарықтығын реттеңіз.
- **Экранды автоматты бұру:** құрылғыны айналдырғанда бағдарды автоматты түрде ауыстыру үшін орнатыңыз.
- **Экран жарығының өшу уақыты:** экран автоматты түрде өшірілместен бұрынғы уақыт кідірісін орнатыңыз.
- **Daydream функциясы:** құрылғы қондырмаға салынғанда және/немесе зарядталып жатқанда ұйқы режиміндегі кезін көрсету үшін экран сақтағышты таңдаңыз.
- **Қозғалыс сенсорын мөлшерлеу:** сенсордың еңкейту және жылдамдық дәлдігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Баптаулар параметрлер

Тіл мен пернетақта

Мәтін енгізу параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді.

Құрылғыдағы мәтін және экрандағы пернетақтаны реттеу оған қоса сөздігіне қосылған сөздер үшін тілді таңдаңыз.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Тіл мен пернетақта** тармағын түртіңіз.

- **Тіл:** телефонда пайдаланылатын тілді таңдаңыз.
- **Ағымдағы пернетақта:** ағымдағы пернетақта түрін таңдауға мүмкіндік береді.
- **LG пернетақтасы:** LG пернетақтасының параметрлерін өзгертіңіз.
- **Google дауыспен теру:** деректер енгізу мақсатында Google дауыспен теру мүмкіндігін таңдау үшін қосыңыз. Google дауыстық параметрлерін өзгерту үшін «Параметрлер» белгішесін түртіңіз.
- **Дауыспен іздеу:** Дауыспен іздеу параметрлерін реттеу үшін түртіңіз.
- **Мәтінді сөзге айналдыру шығысы:** мәтінді сөзге түрлендіру нәтижесінің таңдаулы механизмін немесе жалпы параметрлерін орнату үшін түртіңіз.
- **Меңзердің жылдамдығы:** меңзер жылдамдығын реттеңіз.
- **Кері қайтару түймелері:** оң жақтағы негізгі түймені пайдалану үшін тінтуір түймелерін кері өзгертіңіз.

Орналасу жері

Орналасқан орны қызметін қосыңыз, құрылғыңыз Wi-Fi және құрылғы желілерін қолданып орналасқан жерді жобалап анықтайды. Бұл опцияны таңдағанда, сізден Google компаниясының осы қызметтерді көрсеткенде орныңызды пайдалануына келісесіз бе, сол сұралады.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Орналасу жері** тармағын түртіңіз.

- **Режимі:** ағымдағы орын туралы ақпаратты анықтау әдісін орнатады.
- **Камера:** суреттерге немесе бейнелерге орын бойынша тег қою үшін қосыңыз.
- **Google Орындар тарихы:** Google және оның өнімдері тарапынан ашылғандай орын ақпараты параметрлерін таңдауға мүмкіндік береді.

Есептік жазбалар & синхрондау

Google және басқа қолдау көрсетілетін тіркелгілерді қосу, жою және басқару үшін осы мәзірді пайдаланыңыз. Сондай-ақ, бұл параметрлерді барлық қосымшалардың деректерді жеке кестелерінде жіберу, қабылдау және қадамдастыру жолын және барлық қосымшалардың пайдаланушы деректерін автоматты түрде қадамдастыра алатындығын басқару үшін пайдаланасыз.

Gmail, Calendar және басқа қосымшаларда да деректерді қадамдастырудың жеке жолдары болуы мүмкін; мәліметтерді сол қосымшалардағы бөлімдерден қараңыз.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Есептік жазбалар & синхрондау** тармағын түртіңіз.

- **Деректерді автоматты түрде қадамдастыру:** құрылғыға қосылған барлық есептік жазбаларды автоматты түрде синхрондау үшін осы опцияны қосыңыз.
- **ЕСЕПТІК ЖАЗБАЛАР:** барлық қосылған есептік жазбаларды көрсетеді. Басқару және/немесе көру үшін біреуін түртіңіз.
- **ЕСЕПТІК ЖАЗБА ҚОСУ:** жаңа тіркелгі қосу үшін түртіңіз.

Қол жетімділік

Құрылғыда орнатылған арнайы мүмкіндіктер қосылатын модульдерін реттеу үшін Арнайы мүмкіндіктер параметрлерін пайдаланыңыз.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Қол жетімділік** тармағын түртіңіз.

- **Көру:** көру мүмкіндігі шектеулі адамдар опцияларын орнатады.
 - **TalkBack:** көзі нашар көретін адамдарға ауызша жауап беріп көмектесетін Talkback функциясын орнатуға мүмкіндік береді.
 - **Хабарламалар/қоңыраулар -дың дауысты хабарлаулары:** кіріс қоңыраулар мен хабарлардың автоматты айтылған дабылдарын ести алу үшін қосыңыз.
 - **Экрандағы көлеңкелер:** экранды қараңғылау контрастқа орнату үшін қосыңыз.
 - **Шрифт өлшемі:** қаріп өлшемін орнатады.
 - **Сенсорлы ұлғайту:** экранды үш рет түрту арқылы үлкейту және кішірейтуге мүмкіндік береді.
 - **Экран түсін керу қайтару:** экран мен мазмұнның түстерін алмастыру үшін қосыңыз.
 - **Экран түсінің сүзгісі:** экран мен мазмұн түстерін өзгертуге мүмкіндік береді.
 - **Қуат пернесі қоңырауды аяқтайды:** Қуат/Құлып кілтін орнату пернесімен дауысты қоңырауларды аяқтау үшін қосыңыз.
- **Есту:** есту мүмкіндігі шектеулі адамдар опцияларын орнатады.
 - **Тақырып:** есту мүмкіндігі нашар адамдарға тақырып параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді.
 - **Жыпылықтайтын ескертулер:** келген қоңыраулар мен ескертулерге жыпылықтайтын ету үшін қосыңыз.
 - **Барлық дыбыстарды өшіру:** құрылғының барлық дыбысын өшіру үшін қосыңыз.

- **Аудио түрі:** аудио түрін орнатады.
- **Дыбыс балансы:** дыбыс бағытын орнатады. Орнату үшін сырғыту жолағындағы сырғытпаны жылжытыңыз.
- **Қозғауыш және тану мүмкіндігі:** қозғауыш мүмкіндіктері шектеулі адамдар опцияларын орнатады.
- **Түртуге жауап беру уақыты:** түрту және жауап беру уақытын орнатады.
- **Touch assistant:** жалпы әрекеттермен оңай өткізетін сенсорлық тақтаны көрсетеді.
- **Экран жарығының өшу уақыты:** экран өшерден бұрын уақыт мөлшерін орнатады.
- **Басқару аймақтарын түрту:** сенсорлық әрекеттерді экранның бір аумағында шектеу үшін сол экранның аумағын таңдауға мүмкіндік береді.
- **Мәтінің арнайы мүмкіндіктері:** Негізгі түймесін үш рет басқан кезде тандалған мүмкіндіктерге жылдам өтуге мүмкіндік береді.
- **Экранды автоматты бұру:** құрылғының бағдарына байланысты (портрет немесе альбомдық) құрылғының экранды бұруға мүмкіндік беруі үшін қосыңыз.
- **Switch Access:** пернетақта пернелері сияқты жұмыс істейтін бір немесе бірнеше қосқыш арқылы құрылғымен байланысуға мүмкіндік береді. Бұл мәзір құрылғымен тікелей байланыстан қорғайтын мобильділік шектеулері бар пайдаланушыларға пайдалы болуы мүмкін.

Жылдам перне

Экран өшіп немесе құлыптанып тұрғанда **Дыбыс деңгейі пернелерін** басып тұрып, қолданбаларға жылдам өтіңіз.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Жылдам перне** тармағын түртіңіз.

- Түсіру+ мүмкіндігін қосу үшін экран қосылып тұрғанда **Дыбыс деңгейі пернелерінің** екеуін де басып, ұстап тұрыңыз.

- Экран өшкен не құлыпталған кезде Камера қолданбасын қосу үшін **Дыбыс деңгейі перенелерінің** бірін екі рет басыңыз.

Қауіпсіздік

Құрылғы мен оның деректерін қорғауға көмектесу жолын конфигурациялау үшін осы мәзірді пайдаланыңыз.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Қауіпсіздік** тармағын түртіңіз.

- **Мазмұнды құлыптау:** QuickMemo+ үшін жазбаларды құлыптауға арналған құлыптау түрлерін таңдаңыз.
- **Телефонды шифрлау:** қауіпсіздік үшін құрылғыдағы деректерді шифрлауға мүмкіндік береді. Құрылғыны қосқан сайын оны шифрсыздандыру үшін PIN кодын немесе құпия сөзді енгізу қажет болады.
- **SD карта сақтау орнын шифрлау.** SD картасы жадын шифрлауға және деректерді басқа құрылғылар үшін қол жетімді емес етіп шифрлаңыз.
- **SIM карта құлпын орнату:** SIM картасын құлыптау үшін PIN кодын орнатады және PIN кодын өзгертуге мүмкіндік береді.
- **Құпия сөзді көрсетіп теру:** не енгізгеніңізді көре алу үшін енгізу кезінде құпия сөздердің әрбір таңбасын қысқа көрсету үшін қосыңыз.
- **Құрал басқарушылар:** телефон әкімшілерін көру немесе ажырату.
- **Белгісіз көздер:** Play Store қызметінен алынбаған қосымшаларды орнатуға рұқсат етіңіз.
- **Қолданбаларды растау:** зиян келтіруі мүмкін қосымшаларды орнатудан бұрын рұқсат етпеу немесе ескерту.
- **Сақтау орнының түрі:** сақтау орнының түрін көрсетеді.
- **Сертификатты басқару:** қауіпсіздік куәліктерін басқаруға мүмкіндік береді.

- **Trust agents:** экранның құлпын ашпастан пайдаланылатын қосымшаларды таңдаңыз.
- **Контактілі экран:** контактілі экран арқылы белгілі бір қосымша экранын көрсететін етіп құрылғыны қосуға болады.
- **Қолдану қатынасы бар қолданбалар:** құрылғыда қолданбаларды пайдалану ақпаратын көруге мүмкіндік береді.

Күн мен уақыт

Күн мен уақыттың көрсетілу жолының таңдауларын орнатыңыз.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Күн мен уақыт** тармағын түртіңіз.

Сақтау орны

Құрылғыдағы пайдаланылған және қолжетімді ішкі жадыны бақылауға болады.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Сақтау орны** тармағын түртіңіз.

ІШКІ САҚТАУ ОРНЫ

- **Жалпы орын:** мәтін және түспен кодталған гистограмма пішінінде (пайдаланбаған орын сұр түсті болады) құрылғының ішкі жадындағы жалпы бос орынды және қолжетімді бос орынды көрсетеді. Тиісті қосымшалар және олармен пайдаланылатын бос орын мөлшері әрбір құрылғы пайдаланушысы астында тізімделеді.

SD КАРТАСЫ

- **Жалпы орын:** жад картасындағы жалпы бос орын мөлшерін және қалған қолжетімді бос орынды көрсетеді.
- **SD картасын салыңыз/шығару:** SD картасын орнатуға және шығаруға мүмкіндік береді.

- **SD картасын өшіру:** SD картасындағы барлық деректерді өшіруге мүмкіндік береді.

Батарея және энергия сақтау

Ағымдағы батарея күйін, сондай-ақ қалған заряд пен зарядтау күйін көрсетеді.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Батарея және энергия сақтау** тармағын түртіңіз.

- **Батареяны қолдану:** батареяны қолдану деңгейін және батареяны қолдану мәліметтерін көрсетеді. Егжей-тегжейлі ақпаратты көру үшін элементтердің біреуін түртіңіз.
- **Күй жолағындағы батарея қуатының пайызы:** батарея белгішесінің жанындағы күй жолағынан батарея зарядының пайыздық көрсеткішін көрсету үшін белгілеңіз.
- **Батарея сақтаушы:** қосу немесе өшіру үшін Батарея сақтаушы қосқышын түртіңіз. Батарея сақтаушыны автоматты түрде қосатын батарея зарядының пайыздық деңгейін орнатады.

Қосымшалар

Құрылғыға орнатылған қолданбалар туралы мәліметтерді көруге, олардың деректерін реттеуге және оларды тоқтатқызуға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Қосымшалар** тармағын түртіңіз.

Әдепкі хабар алмасу қолданбасы

Бұл мәзір әдепкі хабарлар қолданбасы ретінде қолданылатын хабарлар қолданбасын таңдауға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Әдепкі хабар алмасу қолданбасы** тармағын түртіңіз.

Сақтық көшірме және қайта орнату

Параметрлер мен деректерді басқару үшін параметрлерді өзгертіңіз.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Сақтық көшірме және қайта орнату** тармағын түртіңіз.

- **LG Backup:** барлық ақпараттың сақтық көшірмесін құрылғыңызға сақтайды және оны деректер жоғалғанда немесе ауыстырғанда қалпына келтіреді. Егер қосымша ақпарат керек болса, **Қосымшалар** ішінен **LG Backup** бөлімін қараңыз.
- **Деректерге резервтік көшірме жасау:** Google серверлеріне қосымша деректері, Wi-Fi құпия сөздері мен басқа параметрлердің сақтық көшірмелерін жасау.
- **Сақтық көшірме тіркелгісі:** ақпаратты сақтық көшіруге пайдаланылатын ағымдағы есептік жазбаны көрсетеді.
- **Автоматты түрде қайта орнату:** қосымшаны қайта орнатып жатқанда, сақтық көшірмесі жасалған параметрлер мен деректерді қалпына келтіріңіз.
- **Зауыттық деректерді қалпына келтіру:** параметрлерді зауыттық әдепкі мәндеріне қайтарады және барлық деректерді жояды. Егер құрылғыны осы әдіспен қалпына келтірсеңіз, сізден алғашқы рет Android жүйесін қосқанда сұралған ақпаратты қайта енгізуіңізді сұрайды.

Телефон ақпараты

Құқықтық ақпаратты қарап, құрылғы күйін және бағдарламалық құралдарды тексеріңіз және бағдарламалық құралды жаңартыңыз.

Баптаулар экранында **Баптаулар** қойындысы > **Телефон ақпараты** тармағын түртіңіз.



Қосымша

Құрылғының бағдарламалық құралын жаңарту

LG құрылғысының бағдарламалық құралын Интернеттен жаңарту

Бұл функцияны пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін <http://www.lg.com/common/index.jsp> → сайтына кіріп, елді және тілді таңдаңыз.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, құрылғының микробағдарламасын қызмет көрсету орталығына бармастан, ыңғайлы түрде интернет арқылы ең соңғы нұсқасына жаңартуға болады. Бұл мүмкіндік LG құрылғыңыз үшін жаңарақ микробағдарлама нұсқасын қол жетімді еткенде ғана қол жетімді болады.

Құрылғының микробағдарламасын жаңарту кезінде пайдаланушының толық назары қажет болатындықтан, жалғастырмас бұрын, әр қадамда пайда болатын нұсқаулар мен ескертпелерді тексеріңіз. Жаңарту кезінде USB деректер кабелін алу құрылғыны қатты зақымдауы мүмкін екенін ескеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- LG компаниясы микробағдарлама жаңартуларын өз қалауы бойынша тек таңдаулы үлгілерге қол жетімді ету құқығын өзінде қалдырады және микробағдарламаның ең соңғы нұсқасы телефондардың барлық үлгілері үшін қол жетімді болатынына кепілдік бермейді.

LG құрылғысының бағдарламалық құралын сымсыз (OTA) стандарты арқылы жаңарту

Бұл мүмкіндік құрылғының микробағдарламасын OTA арқылы, USB деректер кабелімен қосусыз ыңғайлы жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндік LG құрылғыңыз үшін жаңарақ микробағдарлама нұсқасын қол жетімді еткенде ғана қол жетімді болады.

Алдымен құрылғыдағы бағдарламалық құрал нұсқасын тексеру керек: **Баптаулар > Баптаулар** қойындысы > **Телефон ақпараты > Ортақ** қойындысы > **Жаңарту орталығы > БҚ жаңартпасы > Жаңартуды қазір тексеру.**

ЕСКЕРТПЕ

- Ішкі құрылғы қоймасындағы жеке деректеріңіз—соның ішінде Google есептік жазбаңыз бен барлық басқа есептік жазбаларыңыз туралы ақпарат, жүйе/қолданба деректері мен параметрлері, барлық жүктеп алынған қолданбалар және DRM лицензияңыз — құрылғының бағдарламалық құралын жаңарту процесі кезінде жоғалуы мүмкін. Сондықтан, LG компаниясы құрылғыңыздың бағдарламасын жаңартпастан бұрын жеке деректердің сақтық көшірмесін жасауды ұсынады. LG компаниясы жеке деректердің жоғалуына жауапты болмайды.
- Бұл мүмкіндік желі қызметінің провайдеріне, аймаққа немесе мемлекетке байланысты.

ЖҚС

Бұл тарауда құрылғыны пайдаланғанда кездесуіңіз мүмкін кейбір ақаулар тізілген. Кейбір ақаулар қызмет көрсетушіге хабарласуды талап етеді, алайда көбінесе оларды өз бетіңіше түзетуге болады.

Хабар	Мүмкін себептері	Ықтимал түзету шаралары
SIM карта қатесі	Құрылғыда SIM картасы жоқ немесе ол дұрыс салынбаған.	SIM картасының дұрыс салынғанын тексеріңіз.
Желі байланысы жоқ/желі жоғалуда	Сигнал әлсіз немесе сіз оператор желісінен тыссыз.	Терезеге қарай немесе ашық аймаққа қарай жылжыңыз. Желі операторының қамту картасын қараңыз.
	Оператор жаңа қызметтерді қолданды.	SIM картасы 6-12 айдан ескірек пе, соны тексеріңіз. Солай болса, SIM картаңызды желі провайдерінің ең жақын бөлімінде ауыстырыңыз. Қызмет провайдеріне хабарласыңыз.
Кодтар сәйкес емес	Қауіпсіздік кодын өзгерту үшін қайта енгізу арқылы жаңа кодты растау керек.	Кодты ұмытсаңыз, қызмет провайдеріңізге хабарласыңыз.
	Енгізілген екі код бір-біріне сәйкес келмейді.	
Қосымшаларды орнату мүмкін емес	Қызмет провайдері тарапынан қолдау жоқ немесе тіркелуді талап етеді.	Қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

Хабар	Мүмкін себептері	Ықтимал түзету шаралары
Жүктелген қосымшалар көп қателерді шақырады.	Қосымшаны жойыңыз.	<ol style="list-style-type: none"> 1  >  >  опциясын түртіңіз. 2 Баптаулар қойындысы > Қосымшалар тармағын түртіңіз. 3 Қосымша > Жою тармағын түртіңіз.
Қоңырау шалу мүмкін емес	Теру қатесі	Жаңа желіге рұқсат жоқ.
	Жаңа SIM картасы салынды.	Жаңа шектеулерді тексеріңіз.
	Алдын ала төленген зарядтау шегіне қол жетті.	Қызмет жеткізушісіне хабарласыңыз немесе шектеуді PIN2 коды арқылы қалпына келтіріңіз.
Құрылғы қосылмайды	Қосу/өшіру пернесі тым қысқа басылған.	Қосу/өшіру пернесін кемінде екі секунд бойы басыңыз.
	Батарея зарядталмаған.	Батареяны зарядтаңыз. Дисплейдегі заряд көрсеткішін тексеріңіз.

Хабар	Мүмкін себептері	Ықтимал түзету шаралары
Зарядтау қатесі	Батарея зарядталмаған.	Батареяны зарядтаңыз.
	Сыртқы температура тым ыстық немесе суық.	Құрылғының қалыпты температурада зарядталып жатқанын тексеріңіз.
	Түйіспе ақауы	Зарядтағышты және оның құрылғымен байланысын тексеріңіз.
	Кернеу жоқ	Зарядтағышты басқа розеткаға тығыңыз.
	Зарядтағыш зақымданған	Зарядтағышты ауыстырыңыз.
	Зарядтағыш түрі қате	Тек түпнұсқа LG қосалқы құралдарын қолданыңыз.
Нөмірге рұқсат етілмеген.	Бекітілген теру нөмірі функциясы қосылған.	Параметрлер мәзірін тексеріп, функцияны өшіріңіз.
SMS хабарын және суреттерді алу/жіберу мүмкін емес	Жад толы	Қосымша жад босату үшін құрылғыдан қолданбалар немесе хабарлар сияқты біраз деректерді жойыңыз.
Файлдар ашылмайды	Қолдау көрсетілмейтін файл пішімі	Қолдау көрсетілетін файл форматтарын тексеріңіз.

Хабар	Мүмкін себептері	Ықтимал түзету шаралары
Дыбыс жоқ	Дірілдеу режимі	Дірілдеу немесе кедергілер жоқ режимінде емес екеніңізді тексеру үшін дыбыс мәзірінің параметрлер күйін тексеріңіз.
Тұрып қалады немесе қатып қалады	Кезеңді бағдарлама ақауы	Оны қолданбақ болғанда, экран қатып қалса немесе құрылғы жауап бермесе, батареяны шығарып алып, қайта салыңыз. Одан кейін құрылғыны қайта іске қосыңыз. НЕМЕСЕ Веб-сайт арқылы бағдарламалық құралды жаңартып көріңіз.

Ұрлыққа қарсы нұсқаулығы

Егер ол сіздің рұқсатынсыз зауыттық параметрлерге қайта орнатылса, құрылғыны басқа пайдаланушылар пайдалануын болдырмайтындай етіп оны реттеуге болады. Мысалы, егер құрылғыңыз жоғалса, ұрланса немесе жойылса, құрылғыны Google тіркелгісі немесе экран құлпы ақпараты бар қандай да бір пайдаланушы ғана пайдалана алады.

Құрылғының қорғалғанын тексеруге қажетті талаптар:

- **Экран құлпын орнату:** егер құрылғы жоғалса не ұрланса, бірақ сізде экран құлпының жинағы болса және экран құлпы ашылмаса, «Параметрлер» мәзірі арқылы құрылғыны өшіру мүмкін емес.
- **Google тіркелгісін құрылғыға қосу:** егер құрылғы жойылса, бірақ онда Google тіркелгісі болса, Google

тіркелгісі туралы ақпарат қайта енгізілмегенше құрылғыны орнату процесін аяқтау мүмкін емес.

Егер зауыттық параметрге қайта орнату қажет болса, құрылғы қорғалғаннан кейін экранның құлпын ашу немесе Google тіркелгісінің құпия сөзін енгізу қажет болады. Бұл қайта ысыру әрекетін сізге немесе сенімді пайдаланушыға орындауға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ

- Зауыттық параметрлерді қайта орнату әрекетін орындаудың алдында құрылғыға қосқан Google тіркелгісін және құпия сөзді ұмытып қалмаңыз. Егер орнату процесі барысында тіркелгі туралы ақпаратты бере алмасаңыз, зауыттық параметрлерді қайта орнатқаннан кейін құрылғыны мүлде пайдалана алмайсыз.

Қосымша ақпарат

Ескертудің ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал туралы ақпарат

GPL, LGPL, MPL бойынша көз кодын және осы өнімде қамтылған басқа бастапқы коды ашық лицензияларын қамту үшін <http://opensource.lge.com> веб-сайтына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық сілтемелі лицензия шарттары, кепілдік қабылдамау туралы хабарламалар мен авторлық құқық ескертулерін жүктеп алуға болады.

Сонымен қатар, LG Electronics opensource@lge.com мекенжайына электрондық сұрау алынған кезде осындай таратылымды (медиа, тасымалдау және өңдеу шығыны) орындауға кететін шығынды қамтитын ақыны CD-ROM дискісіндегі бастапқы ашық кодта қамтамасыз етеді. Бұл ұсыныс өнім сатып алған күннен бастап үш (3) жылға дейін жарамды.

Сауда белгілері

- Copyright ©2016 LG Electronics, Inc. Барлық құқықтары қорғалған. LG және LG logo — LG Group компаниясының және онымен байланысты ұйымдардың тіркелген сауда белгілері. Барлық басқа сауда белгілері тиісті иелерінің меншігі болып табылады.
- Google™, Google Maps™, Gmail™, YouTube™, Hangouts™ және Play Store™ — Google, Inc корпорациясының сауда белгілері болып табылады.
- Bluetooth® — Bluetooth SIG, Inc. компаниясының дүниежүзінде тіркелген сауда белгісі.
- Wi-Fi® және Wi-Fi логотипі — Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері.
- Барлық басқа сауда белгілері және авторлық құқықтары тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы арқылы **LG Electronics** компаниясы бұл **LG-K130E** өнімі **1999/5/EC** директивасының негізгі талаптары мен басқа тиісті ережелеріне сай екенін мәлімдейді. Сәйкестік декларациясының көшірмесін мына мекенжайда табуға болады: <http://www.lg.com/global/declaration>

Осы өнімнің үйлесімділігі туралы білу үшін кеңсеге хабарласыңыз:

LG Electronics European Shared Service Center B.V.
Krijgsman 1, 1186 DM Amstelveen, The Netherlands



Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.



Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.



Ескі құрылғыны қоқысқа тастау

- 1 Бұл осы үсті сызылған шелек таңбасы қоқыс электр және электрондық өнімдер (WEEE) қалалық қоқыс жүйесінен бөлек жойылуы керектігін білдіреді.
- 2 Ескі электр құрылғыларында зиянды заттар болады, сондықтан ескі құрылғыны тиісті түрде қоқысқа тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиюі мүмкін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі. Ескі құрылғыңызда басқа өнімдерді және шектеулі ресурстарды сақтау қайта өңделетін маңызды материалдарды жөндеу үшін қолданылатын қайта қолданбалы бөлшектер болуы мүмкін.
- 3 Құрылғыңызды өнімді сатып алған дүкенге апаруға немесе жақын жердегі өкілетті WEEE жинау нүктесі туралы мәліметтер үшін жергілікті басқару мекемесіне хабарласуға болады. Еліңіз үшін ең соңғы ақпаратты алу үшін www.lg.com/global/recycling веб-сайтын қараңыз



Ескі батареяларды/ аккумуляторларды қоқысқа тастау

- 1** Егер батареяның құрамындағы сынап 0,0005 %, кадмий 0,002 % немесе қорғасын 0,004 % мөлшерінен артық болса, бұл таңбамен бірге сынап (Hg), кадмий (Cd) немесе қорғасынның (Pb) химиялық таңбалары берілуі мүмкін.
- 2** Барлық батареялар/аккумуляторлар қалалық қоқыстан бөлек, мемлекеттік немесе жергілікті басқару мекемелері белгілеген арнайы жинау орындарына өткізілуі тиіс.
- 3** Ескі батареяларды/аккумуляторларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға, жануарларға және адам денсаулығына қауіп төндіретін зардаптардың алдын алуға көмектеседі.
- 4** Ескі батареяларды/аккумуляторларды қоқысқа тастау туралы толық ақпаратты қала әкімшілігінен, қоқыс жинау мекемелерінен немесе өнімді сатып алған дүкеннен алуға болады.